Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 27 (1082)

15.07.2022

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

КӘСІПКЕРЛІК

ТЕГІН КУРС ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ (ӘКДО) БАСТАМАСЫМЕН ТАЛДЫҚОРҒАН МЕН ҰЗЫНАҒАШТА ӘЙЕЛДЕРДІ ТІГІН ІСІ МЕН КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕР ӨНДІРІСІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАСТАЛДЫ.

Курстарда кәсіпкерлер, көп балалы аналар, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан әйелдер білім алуда. Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау бөлімінің басшысы Сәния Наурызбаеваның айтуынша облыста әйелдер кәсіпкерлігі белсенді дамуда.

Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында сервистік және ақпараттық қызметтер қолжетімді.

– Өткен жылдың қараша айында әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы ашылды, онда кеңестер мен жобаларды сүйемелдеу түрінде қолдау көрсетіледі. Оқыту ӘКДО-ға өтініш білдіргендердің ұсыныстары ескеріле отырып ұйымдастырылған. Тегін курсты тәмамдаған соң сіздер маман ретінде өз кәсіптеріңізді ашуға немесе жұмысқа орналасуға мүмкіндік аласыздар, – дейді ол.

Талдықорғанда оқыту «Didakt.kz» ЖШС оқу орталығында ұйымдастырылған. Болашақ тігіншілер киімдерді үлгілеуді, құрастыруды, тігін жабдықтарының негіздерін, тігу технологиясын, материалтану, басқа да маңызды дағдыларды үйренеді. Сонымен қатар ӘКДО мен іскер әйелдер кеңесінің қолдауымен Көксу, Ақсу аудандары мен Текелі қаласында киімкешек пен ұлттық бұйымдар шығаратын тігін цехтары іске қосылады. 100-ден астам жұмыс орнын құру жоспарлануда. Мұнда негізінен, көпбалалы және ерекше қажеттіліктері бар әйелдер, жас қыздар жұмыс істемек.

Бүгінде облыс орталығында тігін ісі бойынша 25 әйел және Жамбыл ауданында кондитерлік өндіріс бойынша 26 әйел жаңа мамандық меңгеруге кірісті.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

НЕГЕ?

АУРУ ТАҒЫ ӨРШІДІ

Барыс жылы басталғалы дүние жүзінде де, Қазақстанда да аждаһа індеттің бесінші басы «Омикронның» таралуымен ауру қайта өршіген еді. Әлемнің 200 елінде 300 миллион адам вирус жұқтырды, солардың 5 миллионы ажал құшты. Біздің елде де індеттің қармағына ілініп кетіп, көз жұмғандардың қарасы көп. Вирус ә деп басталғаннан күні бүгінге дейін аурудың барына сенбейтіндердің қатары азаяр емес. «Оны көзбен көргендер бар ма? Ауыз өздеріңдікі болған соң айта бересіңдер. Ажалың жетсе вируссыз-ақ өлесің» деп жайбарақаттық танытатын жақын адамдардың сөзіне қарап ішің қан жылайды-ақ. Аурудың ел ішінде дендеп баратынына коронаның қармағына ілігіп, дертке шалдыққандар ғана сенеді. Осы дерттен көз жұмған жақыныңнан айрылудың қандай қасірет екенін біле тұра «өз ажалынан өлді» дейтіндерді де құлақ естіді. Олар вирустың барына сенгісі жоқ. Мұндай жандарға ешқайда шықпаңыздаршы деуден де қалған адамдар. Себебі пандемияға сенбейді, ол жайында сөз қозғай қалсаң құдды бір ата жауындай жек көріп тұрады. Өкініштісі де сол...

Соңғы уақытта ел бойынша Елорда мен Алматы қаласында ахуал ушыққан. Мұның себебін екі қалаға шетелден келетіндердің көптігімен байланыстырады мамандар. Вирус жұқтырғандардың 78 пайызы Алматыда болып отыр. Жалпы ауырғандардың 80 пайызы вакцина алмаған немесе ревакцинациядан өтпегендер екенін айтқан еді денсаулық сақтау министрі. Дей тұрғанмен Ажар Ғиният вирустың жеңіл өтіп жатқанын да тілге тиек етті. Бүгінгі таңда ауруханаларда жатқан аурулар саны 220 адам болса, соның 11-і өкпені желдету аппаратына жатқызылған.

Мамандар пікірінше, дүниежүзі бойынша коронавирус 3 пайызға өскен. Олар мұны жаз мезгілімен байланыстырады. Яғни, вирус маусымдық сипатқа ие. Әлем елдеріндегідей бізде де вирустың Омикрон түрі белең алды. Сондықтан денсаулық сақтау министрі «енді бетперде таққан жөн» деді. Алматы және Жетісу облыстарында да соңғы күндерде коронавирус қайта өршіді. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, Жетісу және Алматы облыстарында 175 жағдай тіркелген. Алматы облысында індеттің өсу қарқыны соңғы екі аптамен салыстырғанда жоғары. Яғни, сырқаттанушылық 30-дан 119 жағдайға дейін өсті. Жетісу облысында да өсу қарқыны соңғы екі аптамен салыстырғанда 11-ден 56 жағдайға дейін жеткен. Бірақ эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасында екі облыс та әзірге «жасыл аймақта» тұр. Алайда «біз жасыл аймақтамыз» деп селқостыққа салынып жүре берсек, аурудың дендеп кетуі бек мүмкін. Әріптесім Жұлдыз (Ә) фб парақшасында жазғанындай, күрк-күрк жөтеліп жүріп, безілдеп қыдыру әдетінен арылу қажет. Денсаулық бірінші кезекте өзімізге қажет. Мұнымен қатар балаларды да ойлау керекпіз... «Менікі жай тұмау ғой, әйтпесе суық тиіп қалды» демей, маска тағып, жүрісті азайту абзал. Ауырып, артынша «неге бұған жол бердім» деудің амалын бүгіннен ойлайық. Ауру тағы өршіп барады. Неге деп отыра бермей, денсаулыққа мән берейік...

С. ӘЙТЕНОВА.

АҢДАТПА

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР 3 стр.

О СНИЖЕНИИ ПЕНСИОННОГО ВОЗРАСТА ЖЕНЩИН

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ 4-бет

425 ӨРТ ТІРКЕЛІП, 19 АДАМ АЖАЛ ҚҰШТЫ

НАЗАР 7-бет

24/7 ЕМШАРА БӨЛМЕСІ АШЫЛДЫ

СҰХБАТ 8-9-бет

«ЖАУЫҢДЫ БАСЫНДЫРМА, ХАЛҚЫҢДЫ АШЫНДЫРМА!»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАРА

ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕ ашық есік күні өтті

2000 ЖЫЛҒЫ 6 ШІЛДЕДЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНДЕ ҰТҚЫР КҮШТЕР ҚҰРЫЛДЫ, ОЛАР КЕЙІН АЭРОҰТҚЫР ӘСКЕРЛЕРІ БОЛЫП ӨЗГЕРДІ. АЛ 2017 ЖЫЛЫ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ДЕСАНТТЫҚ-ШАБУЫЛДАУ ӘСКЕРЛЕРІ БОЛЫП ҚАЙТА ЖАСАҚТАЛДЫ.

Талдықорған гарнизонындағы Десанттық-шабуылдаушы бригадасы 18404 әскери бөлімінде ашық есік күні өтті. Шара Десанттық-шабуылдаушы әскерлерінің құрылғанына 22 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Іс-шараға әскери қызметшілердің отбасылары, қалалық ішкі саясат бөлімі, Қарулы Күштермен Ауған соғысының ардагерлері арнайы қонақ ретіне шақырылды.

Қонақтар назарына әскери техника, атыс және топтық қару, байланыс құралдары және арнайы десанттық жабдықтар ұсынылды. Десантшы жауынгерлер қоян-қолтық ұрыс тәсілдерінен және шабуылдау тәсілдерінен көрініс көрсетті. Жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындықта, әскери тәртіпті ұстауда адал қызметі мен жоғар көрсеткіштер көрсеткені және әскери бөлімнің беделін жоғары көтеруге үлес қосқаны үшін бірқатар әскери қызметшілер бөлім командирінің қолынан мадақтамалар алды.

Іс-шара соңы көркемөнерпаздардың ұйымдастыруларымен концерттік іс-шараға ұласты. Сондай-ақ, әскери қызметшілер оркестрі Талдықорған қаласының орталығындағы фонтанда Десанттық - шабуылдаушы әскерлері күніне орайластырып қала тұрғындарына шағын концерт ұйымдастырды.

Қазіргі уақытта десанттық-шабуылдаушы әскерлер – жоғары мобильді және соңғы үлгідегі техникамен жабдықталған, негізгі күштерден, оның ішінде жау тылында басқа да тапсырмаларды өз бетінше орындауға қабілетті әскер тегі. Олардың жауынгерлік қуатын десанттық-шабуылдау, артиллериялық, барлау, бітімгерлік құрамалары, бөлімдер мен бөлімшелер құрайды.

Десанттық-шабуылдау әскерлері барлық оқу-жаттығуларға, соның ішінде халықаралық жаттығуларға үнемі қатысады. Атап айтқанда, олар армия халықаралық ойындарында нәтижелі өнер көрсетіп жүр. Десантшы-жауынгерлер әрдайым өздерінің жоғары дайындық деңгейін, кәсіби шеберліктерін, аса күрделі тапсырмаларды орындауға қабілеттілігін көрсетіп келеді.

18404 әскери бөлімінің әскери қызметшілері 2004-2019 жылдар аралығында «Шекара», «Бейбітшілік Миссиясы», «Өзара Әрекеттесу», «Орталық», «Іздеу» және «Айбалта» оқу-жаттығуларына қатысты.

Талдықорған гарнизонының баспасөз қызметі.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

ЭНДОПРОТЕЗДЕУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ ЖАСАЛДЫ

Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада Ресей Халықтар достығы университетінің травматология және ортопедия кафедрасының доценті, мәскеулік хирург-ортопед Денис Римашевскийдің қатысуымен эндопротездеу операциялары жасалды.

Бүгінгі таңда буындардың ауыр ауруларымен ауыратын науқастар үшін артропластика–ауыртпалықсыз ауырсынудан арылудың және толыққанды өмірге оралудың жалғыз жолы болып табылады. Мәскеулік қонақтың айтуынша, оның Талдықорғанға келуі әріптестерімен араласып, хирургиялық технология саласында тәжірибе алмасу.

– Біз осында алғаш рет енгізіп жатқан протездермен ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп келеміз. Сондықтан хирургиялық техниканы сәл өзгерттік. Осындағы әріптестер бізді оның ерекшеліктері туралы айтып, бөлісуге шақырды. Ал операция кезінде менің басты міндетім – осы эндопротездеуге ұсынылған хирургиялық техниканың сақталуын бақылау. Осы орайда жамбас сүйегінің сынуы бойынша ота жасалып, мен үшін әріптестерімнің тапсырманы қалай орындауы қызық болды, – деген Денис мырза бұл мастер-класс емес, ешкімді үйретудің де қажеттілігі жоқ екенін тілге тиек етті.

Айта кетейік, Денис Римашевский – ірі буындарды протездеу бойынша маман. Ол ауыр жарақаттар мен аурулардан кейін науқастарды қалпына келтірудің ең ерекше әдістерін меңгерген. Оның Қазақстан Республикасында – Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Тараз, Петропавл және т.б. шеберлік сабақтарын өткізуде үлкен тәжірибесі бар. Осы уақытқа дейін Қазақстанның түкпір-түкпірінде болды, тіпті ең шалғай аймақтарды да аралады, қалалық және аймақтық медицинаның барлық мүмкіндіктерімен таныс.

Талдықорған қалалық облыстық ауруханасындағы травматолог-ортопедтері жамбас буындарын ауыстыру операциясын 2011 жылдан жасай бастады. Нәтижесінде травматология мен ортопедияда заманауи технологияларды қолдану арқылы 54 операция түрі кезең-кезеңімен енгізілді. Жамбас артропластикасынан кейін тізе ауыстыру операциясы, одан кейін тізе артроскопиясы енгізілді. Бүгінгі таңда облыста буынішілік патологияның барлық түрлері анықталып, емделуде.

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

САҚ БОЛАЙЫҚ!

МАЙМЫЛ ШЕШЕК АУРУЫ әлемнің 70 еліне тарады

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ ДЕРЕГІНШЕ МАЙМЫЛ ШЕШЕГІН ЖҰҚТЫРУ КҮН САЙЫН ӨСУДЕ. КЕСЕЛ НИГЕРИЯ МЕН КОНГОДА ЕРЕКШЕ ӨРШІП ТҰР.



Бүгінде әлемнің 70 елінде 9111 жағдай тіркеліп, оның 9071-і расталған. Дей тұрғанмен, Қазақстан Республикасында маймыл шешегіне күдікті жағдай тіркелген жоқ.

Денсаулық сақтау мекемесі инфекция таралған Африка елдерінен келген азаматтарға ерекше назар аударуда. Ауру көп жағдайда қан, денеден бөлінетін сұйықтық, яғни, тер, түкірік және ауру жануардың зақымданған терісі немесе шырышты қабаттары арқылы беріледі. Науқас адамның түкірігі мен сілекейі екінші адамның ішіне түссе, ауру жұғады.

Аурудың негізгі белгілері – дене температурасының көтерілуі, қалтырау, бас ауруы, әлсіздік, бөртпе шығу. Тыныс алу ауырлап, тұмауға ұқсас белгілер байқалады. Әлем коронавирус жұқпасынан толық айықпай жатып, маймыл шешегі кеселінің таралып бара жатқанына алаңдаулы. Сондықтан, шет елдерге саяхатқа шыққан жағдайда барлық сақтық шарасын ұстанған жөн.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ ДАЛ ПОРУЧЕНИЯ МИНИСТРУ ОБОРОНЫ

ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПРИНЯЛ МИНИСТРА ОБОРОНЫ РУСЛАНА ЖАКСЫЛЫКОВА, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS. KZ СО ССЫЛКОЙ НА САЙТ АКОРДЫ.

Верховный главнокомандующий Вооруженными силами заслушал отчет о результатах деятельности Министерства обороны в первом полугодии 2022 года.

Руслан Жаксылыков доложил о состоянии боевой готовности армейских подразделений. В настоящее время основные усилия направлены на обучение органов управления и личного состава эффективно действовать в условиях кризисных ситуаций, организовывать взаимодействие с центральными и местными органами власти.

Касым-Жомарт Токаев был проинформирован о планируемых на второе полугодие текущего года мероприятиях по обеспечению боевой подготовки, включая ряд масштабных учений. Кроме того, военные из Казахстана примут участие в международных армейских играх.

Министр обороны отчитался об исполнении поручений Главы государства, касающихся развития Сил специальных операций, обеспечения безопасного хранения боеприпасов, оснащения армии современными образцами вооружений и военной техники с использованием потенциала отечественного оборонно-промышленного комплекса, совершенствования военной инфраструктуры. Особое внимание было уделено обеспечению безопасности солдат и работе по недопущению неуставных отношений среди военнослужащих.

В завершение встречи Президент указал на необходимость обеспечения комплексного и системного совершенствования Вооруженных сил и поддержания их боеготовности на высоком уровне. Глава государства дал ряд поручений, направленных на дальнейшее повышение обороноспособности страны.

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОЗДРАВИЛ КАЗАХСТАНЦЕВ С ПРАЗДНИКОМ КУРБАН АЙТ, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА АКОРДУ.

ПОЗДРАВИЛ КАЗАХСТАНЦЕВ С ПРАЗДНИКОМ КУРБАН АЙТ

Дорогие соотечественники!

От всей души поздравляю вас со священным для мусульман праздником Курбан айт!

Этот светлый праздник олицетворяет собой добро и милосердие, сострадание и гуманизм. Мусульмане в эти дни проявляют заботу о нуждающихся, совершают благие дела и произносят теплые пожелания друг другу.

Курбан айт играет особую роль в укреплении духовных ценностей, согласия и стабильности в нашем обществе. Праздник способствует упрочению уникальных традиций взаимоуважения, дружбы и солидарности между представителями различных этносов и конфессий страны.

Будучи источником мира и добродетели, Ислам вносит огромный вклад в сохранение единства нашего народа.

Пусть в эти благословенные дни будут приняты все ваши жертвы и услышаны молитвы! Желаю всем согражданам крепкого здоровья, благополучия и успехов!" - говорится в поздравлении президента.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

О СНИЖЕНИИ ПЕНСИОННОГО ВОЗРАСТА ЖЕНЩИН

Премьер-Министр РК Алихан Смаилов ответил на депутатский запрос касательно возможности снижения пенсионного возраста женщин, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«С 2018 года пенсионный возраст женщин ежегодно увеличивается на 6 месяцев. Данный процесс будет осуществляться поэтапно в течение 10 лет. Унификация пенсионного возраста введена не для экономии бюджетных средств, а для обеспечения соответствующего размера пенсии. Как известно, казахстанцы получают из бюджета базовую и солидарную пенсию. Солидарная пенсия исчисляется, исходя из стажа работы граждан до 1998 года и дохода за последние 3 года. В результате с каждым годом этот вид выплаты будет уменьшаться, а доля накопительной пенсии будет расти. Поэтому снижение пенсионного возраста приведет к уменьшению объема пенсионных вкладов и резкому сокращению выплат из этой системы», – пояснил Премьер-Министр.

По его словам, процесс повышения пенсионного возраста в связи с ростом продолжительности жизни наблюдается как в развитых странах, так и в соседних Азербайджане, Армении, России, Беларуси.

«С учетом этих изменений в стране прорабатываются новые меры повышения эффективности пенсионной системы. В их числе внесение параметрических изменений в систему пенсионного обеспечения, предусматривающих повышение размера пенсии; сохранение индексации размера солидарной пенсии с превышением уровня инфляции более, чем на 2%; определение новых мер поддержки для женщин, приближающихся к пенсионному возрасту в связи со статусом занятости и продление срока участия в пенсионной системе неработающих женщин с привлечением к социальным проектам; введение условного компонента накоплений для снижения зависимости системы пенсионного обеспечения от демографических трендов и доходов бюджета. Данные меры обеспечат адекватный размер пенсионных выплат для всех категорий пенсионеров», – пояснил Премьер.

ЗАКОН

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НЕПОВИНОВЕНИЕ ПОЛИЦЕЙСКОМУ УЖЕСТОЧИЛИ В КАЗАХСТАНЕ. ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ ЗАКОН, КОТОРЫЙ, В ЧАСТНОСТИ, УЖЕСТОЧАЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НЕПОВИНОВЕНИЕ ПРЕДСТАВИТЕЛЮ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА САЙТ АКОРДЫ.

ЗА НЕПОВИНОВЕНИЕ УЖЕСТОЧИЛИ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

«Главой государства подписан закон “О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Казахстана по вопросам совершенствования порядка прохождения правоохранительной службы, повышения правовой и социальной защищенности и ответственности сотрудников правоохранительных, специальных государственных органов и военнослужащих, межведомственной координации, самостоятельности органов внутренних дел, усиления ответственности за отдельные уголовные правонарушения и оборота оружия,» – говорится в сообщении.

Поправки в Уголовный кодекс разработаны в целях:

– совершенствования правового регулирования правоохранительной службы; усиления требований в сфере оборота оружия;

– повышения правовой защищенности полицейских;

– обеспечения эффективной координации между силовыми структурами и самостоятельности силовых структур при принятии решений;

– повышения уровня ответственности их руководителей.

Основная задача – совершенствование законодательства о правоохранительной службе, а также повышение уровня правовой и социальной защиты сотрудников правоохранительных органов.

Поправки в Уголовный кодекс, в частности, ужесточают ответственность за неповиновение представителю власти, применение насилия в отношении него, посягательство на жизнь сотрудника при массовых беспорядках в условиях ЧП и в зоне проведения антитеррористической операции. Также повышается ответственность за угрозу и насилие при вышеназванных обстоятельствах. Кроме того, поправки предполагают усиление самостоятельности силовых структур при принятии решений и повышение ответственности их руководителей.

«*Также предусматривается уголовная ответственность сотрудников в виде ограничения свободы на срок до семи лет либо лишения свободы на тот же срок, когда в условиях чрезвычайного положения существует прямая угроза жизни и здоровью мирного населения, происходит захват зданий, разгром имущества, мародерство, а при этом местные начальники бездействуют*», – сказала во время заседания в Мажилисе депутат Гульнара Бижанова.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

425 ӨРТ ТІРКЕЛІП, 19 АДАМ АЖАЛ ҚҰШТЫ

ЖАЗҒЫ МАУСЫМ ЖАЙДАРЛЫ БОЛҒАНМЕН ОНЫҢ ДА ҚАУІП-ҚАТЕРІ БАР. АПТАП КҮННІҢ ЫСТЫҒЫНАН ҚАШЫП, КӨЛЕҢКЕ ІЗДЕГЕН АДАМЗАТ БАЛАСЫ ӨЗЕН-КӨЛДЕРДІ ЖАҒАЛАП КЕТЕДІ. ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ БАСТАЛҒАЛЫ БЕРІ 27 КҮНДЕ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША 65 АДАМНЫҢ СУҒА КЕТКЕНІ ЖАЙЛЫ ӨТКЕН АПТАДА МАҚАЛА ЖАРИЯЛАҒАНБЫЗ. БҰЛ СУДАҒЫ ҚАУІП БОЛСА, АУА-РАЙЫНЫҢ КҮРТ ЫСУЫ ДА АЛАПАТ ӨРТКЕ АЛЫП КЕЛУДЕ. БҰЛ ДА АДАМДАРДЫҢ НЕМҚҰРАЙЛЫҒЫНАН НЕМЕСЕ АБАЙСЫЗДЫҒЫНАН БОЛЫП ЖАТАДЫ.

Шомылу маусымы демекші, өткен аптада ғана Шығыс Қазақстан облысының Алакөл аймағындағы демалыс орындарында алапат өрт болды. Екі күннің бірінде суға батып кетіпті, алапат өртке оранды деген суық хабардан құлағымыз тұнып, денеміз түршігетін халге жеттік. Осының түп төркініне зер салсақ, әсіресе орман тоғайларға демалуға барғандар өрттің қауіпсіздік ережесін сақтамаудан болып жатады. Көлік тізгіндеп бара жатқандар да қара жолдың жағасына шеккен шылымдарының тұқылын сөндірместен лақтырып жіберетіні, ал оның қураған шөпке түсіп, тілсіз жаудың тұтануына себеп болуда. Төтенше жағдайлар департаменті де профилактикалық шараларды ұдайы жүргізіп келеді. Онда өрттің алдын алу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында – 2 281 рет, теледидарда – 123 (2021 ж. – 123), баспа басылымдарында – 969 (2021 ж. – 950), радиоэфирде – 1 189 (2021 ж. – 1 133) өткізілгенін айтуда.

2021-2022 жылдары жылыту маусымы кезеңінде Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері теледидарда – 42 (2020-2021 жж. – 36) материал, радиоэфирде – 694 (2020-2021 жж. – 607) сөз сөйлеу, баспа басылымдарында – 592 (2020-2021 жж. – 530) өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша мақалалар мен жарияланымдардың жарық көргенін мәлім етті.

Департамент халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар тұратын 13 мың 953 үйді есепке алыпты. Бұл топтардың басым бөлігі Текелі қаласында (1842 үй), Талдықорған қаласында (1881 үй), Талғар (1866 үй) және Ұйғыр аудандарында (1100 үй) тұрады дейді.

2021-2022 жылдары жылыту маусымындағы халықтың әлеуметтік осал топтарындағы тұрғын үйлерді азаматтық қорғау органдары аулаларды аралап шығуды ұйымдастыру арқылы өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстармен толық қамтып, оның ішінде 11 мың 731 үйді жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен бірлесіп аралаған.

Сонымен қатар халықтың әлеуметтік осал топтарының тұрғын үйлерін 100% қайта аралау жүргізілген. Қайта тексеру барысында заң бұзушылықтар анықталған үйлерде (1 635) өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қолданғаны айтылды. Нәтижесінде осал топтарға жатқызылған үйлерді қайта қарау кезінде үй тұрғындары өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылданып оның ішінде 10 мың 179-ы өз бетінше, 3444-і жергілікті атқарушы органдардың көмегіне жүгінген. Адам өміріне аса қауіпті өрт салдарынан қаншама жасөспірімдер тілсіз жаудың құрбанына айналды. Ел есінен кетпейтін орны толмас өкініш Нұр-Сұлтан қаласында пәтер жалдап тұрған отбасының бес бірдей бала-шағасы ата-анасы жұмыста болғанда өртке оранған болатын. Одан кейін де Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласындағы Лесхоз кентінде 14 үй отқа оранып, 310 гектар жерді өрт шарпып, мұнда да адам шығынына жол берілді. Алматы облысының Талғар қаласында өрт болып, үш адам қаза тапқанды.Талдықорған қаласында тұтас бір отбасы ысқа уланып, 3 адам қайтыс болды. Бұл үш адамның отағасы 31 жастағы үй иесі болса, екеуі өрімдей жас 5 және 3 жастағы балалар болатын. Бұл оқиғалардың бәрі өткен күннің еншісінде десекте, ай мен күннің аманында адам өмірін жалмаған тілсіз жаудың кесапаты екенін ұмытуға болмайды. Қауіп пен қатердің қайдан келетінін елеп ескере бермейтініміздің түбі орны толмас өкінішке ұласуда. Жылдың төрт мезгілінде де, өрт қауіпсіздігіне адамдар аса мұқият болуылары керек. Мәселен өткен 2021 жылы Қазақстанда болған өрт оқиғаларының басты себебі тұрғын үй секторларына тиесілі болыпты. Бұл жайында ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі өртке қарсы қызмет комитеті басқарма төрағасының міндетін атқарушы Тілеуберді Мәдиев айтқан болатын. Ал биылғы жылы үкімет отырысында Премьер Министр Әлихан Смайловтың төрағалығымен Министрлер кабинетінің отырысында Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин өрт қаупі бар кезеңге дайындық туралы ақпарат берген-ді. Министрдің айтуынша, жыл сайын елімізде сегіз жүзге жуық орман және дала өрті тіркеледі екен. Өткен жылы еліміздің орман қорында 751 өрт тіркеліп, 167 мың гектар орман алқабы жойылды, экологияға келтірілген зиянды есепке алмағанда тікелей материалдық залал 6 млрд. теңгеден асты деген-ді.

«Өткен жылдың қорытындысы бойынша орман өрттерінің ең көп саны Шығыс Қазақстан (194 жағдай), Ақтөбе (123 жағдай), Павлодар (114 жағдай), Қостанай (100 жағдай) облыстарында тіркелген.

Жоғары өрт қаупі биыл да сақталуда деген министр жыл басынан бері 42 көктемгі орман өрті тіркелгенін, өрттің жалпы аумағы 668 гектарды құрады». Қазгидрометтің болжамы бойынша алдағы өрт қаупі бар кезеңде орташа температура +30° С көтеріледі, ал республиканың оңтүстік, шығыс және батыс бөлігінде құрғақшылық пен ауа температурасының + 40° С-қа дейін жоғарылап, жауын-шашын тапшылығы болады. Мұның бәрі орман қорындағы өрт қаупін едәуір арттырады», – деді министр Юрий Ильин. Демек аптап ыстық болатын кезең – шілде мен тамызға дөп келіп тұр. Басты қауіп, ормандар мен далалардың тұтану ошақтарын дер кезінде анықтау үшін Төтенше жағдайлар министрлігінен бастап жергілікті департамент пен билік өкілдерінің аса сақтығын қажет етеді. Бұл бағытта жергілікті Төтенше жағдайлар департаменті түрлі шаралар мен талаптарды жүзеге асыруда. Бұл бағытта табиғат қорғау және орман мекемелерінің жарақтандырылуы 50%-дан аспайтын өңірлер барын да министр айтқан-ды. «*Мәселен Атырау облысының әкімдіктеріне бағынысты мекемелерінде жарақтандыру 20%-ды, Қызылорда да 33%-ды, Батыс Қазақстанда 47%-ды, Шығыс Қазақстан облысының Экология министрлігіне бағынысты мекемелерінде жарақтандыру 24%-ды, ал, Ақтөбеде 47%-ды, Солтүстік Қазақстанда 48%-ды құрайды.*

Қазіргі уақытта қолда бар әрбір бесінші техника бірлігі пайдалану мерзімнің ұзақтығына байланысты өртті жоюға дайын емес. Дала алқаптарындағы өрт қауіпсіздігінде де жағдай осындай. Соңғы 5 жылда еліміздің дала алқаптарында 500-ден астам өрт және 23 мың өрт тұтанып, 1,5 млн. гектар өртенді, ал шығын 121 млн. теңгеден асты. Сонымен қатар осы кезеңде дала өрттерінің салдарынан 18 адам қаза тапты, 2 мыңнан астам мал басы өртенді», – деген министр Юрий Ильин. Бұл дала өрттері десек, саяжайларда тұрып жатқан тұрғындардың да өрт қауіпсіздігіне немқұрайлы қарайтыны жиі айтылады. Табиғи өрттердің себептерін талдап көрсеткендей, жанудың тек 43%-ы табиғи құбылыстардан, найзағай разрядтарынан туындаған, ал 50%-дан астамы адам әрекетінің нәтижесінен болады. Ол үшін жергілікті билік халықтың орман алқаптарына кіруін шектеу, ормандардағы өрт қауіптілігі сыныбын арттыруға уақытылы және жедел ден қою қажет. Азаматтармен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау қажеттілігі туралы кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, оларды бұзғаны үшін белгіленген жауапкершілікті халыққа жеткізу талап етіледі. Алайда бұл қағиданы жергілікті билік те, халық та ескере бермейді. Оның арты алапат өртке ұласады.

Ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін өткен жылдың қорытындысы бойынша 9,8 млн.теңге сомасында 353 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 8,1 млн. теңге өндірілген. Биыл министрлікпен барлық 152 мемлекеттік орман иеленушісінің биылғы өрт қаупі бар кезеңге дайындығы тексерілуде деп айтқан министр жергілікті жерлерде өрт сөндіруге қарсы техникалар мен құралдардың жеткіліксіздігін тілге тиек еткен-ді. «*Аттары аталған Солтүстік, Атырау, Ақтөбе тағы басқа да өңірлердің өрт қауіпсіздігіне қатысты жұмыстарына сын айтылды. Дала, мейлі тұрғын үй, жеке сокторда өрт орын алса, оның зиянын бірінші адам көреді. Мемлекет те зиян шегеді. Адам өмірі бәрінен қымбат екенін елеп ескерсек, су, өрт және табиғат апаттары жайбасарлықты көтермейді. Алматы облысының аймағында өрт қауіпсіздігі талаптарын бұза отырып пайдаланатын халықтың әлеуметтік осал топтарының үйлері жоқ*», – дейді облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз өкілдері.

2021-2022 жылдары аралығында жылу беру кезеңінде халықтың әлеуметтік осал топтарының үйлерінде өрттердің болмауы екіпнді тәсілдің тікелей нәтижесі.

Жергілікті бюджет есебінен қауіпсіз балалық шақ журналы түрлі жағдайлардағы балалардың мінез-құлық ережелері туралы 12 анимациялық бейнефильм дайындалды. Аталған мультипликациялық фильмдер облыстық «Жетісу» телеарнасында көрсетіледі, департамент сайтында және ведомстволық әлеуметтік желілерде орналастырылды.

Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен «Спасая Жизни» телевизиялық бағдарламасының 24 шығарылымы әзірленді. Бұл телебағдарламалар республикалық «Тұран ТВ» телеарнасында, сондай-ақ облыстық «Жетісу» телеарнасында көрсетілді.

«*Төмендету мақсатында тәуекелдерді қайғылы салдарын газдан уланып немесе жану өнімдеріне қатысты жұмыстар жүргізілді. Орнату бойынша тұрғын үйлерде датчиктер ерте анықталған қауіпті концентрациясы жану өнімдерінің (түтін) улы және табиғи газға қатысты ұдайы жариялымдар беріп келеміз. Мәселен жергілікті атқарушы органдармен, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың қолдауымен 2021-2022 ж.ж. жылыту маусымында тұрғын үйлерде 2507 датчик орнатылды, оның ішінде табиғи газдан көрсеткіш жоқ, 1369 – түтін, 1138 – улы газ. Сонымен қатар жылыту кезеңінде автономды өрт хабарлағыштары мен табиғи газды анықтау датчиктеріне, сондай-ақ жөндеуді қажет ететін пештер мен электрмен жабдықтауға қажеттілік нормалары айқындалған»,* – дейді баспасөз өкілдері. Жалпы Алматы облысында 2022 жылдың 2 – тоқсанында 49 млн. 461 мың теңге (2021 ж. – 51 млн. 33 мың теңге) материалдық шығынмен 425 өрт (2021 ж. – 437 өрт) тіркелді. Өртте 19 адам қаза тапты (2021 ж. – 23 адам), 1 адам түрлі дәрежедегі жарақат алды (2021 ж. – 6 адам). Алты айда орналастыру объектілеріне мемлекеттік бақылау жүргізіліп, 1519 тексеру (+17%, 2021 ж. – 1297), оның ішінде ерекше тәртіппен 872 жоғары тәуекел дәрежесіндегі объектілер (+1%, 2021 ж. – 869), жоспардан тыс – 647 объектілер (+51,1%, 2021 ж. – 428) жүргізілген. Анықтама бойынша облыс аймағында 18 мың 353 объект есепке алынып, оның ішінде 4113 жоғары тәуекел дәрежесіндегі объект, 14 мың 240 болмашы дәрежедегі объекті қамтылды...

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығына 889 тексеру жоспарланған, тексеру кестесінің орындалуы – 98.1% немесе 872 тексерілген объектілерді құрайды.

Тексерумен 17 объект алынды:

– 4 нысанға аудит жүргізіліді;
– 3 нысан кәсіпкерлік санатын кіші нысанға ауыстырды;
– 2 нысан жұмыс істемейді;
– 5 күрделі жөндеу объектілері;
– 2 объект дислокация есебі;
– 1 нысан пайдалануға берілмейді.

Әкімшілік жауапкершілікке жеке және заңды тұлғалардың 1227 (2021 ж. – 1207, 1,6% – ға өсті), оның ішінде ескерту түрінде 983 (2021 ж. – 1115, 12%-ға азайды), айыппұл түрінде 244 (2021 ж. – 92, екі есе өсті) жалпы сомасы 9 млн. 180 адам тартылды мың 615 теңге (2021 ж. – 4 млн. 302 мың 607 теңге, 100%-ға өсті).

Сот органдарына жалпы сомасы 23 млн. 798 мың 748 теңгеге (2021 ж. – 20 млн. 924 мың 600 теңге, 13%) 105 әкімшілік материал жіберілді (2021 ж. – 98, + 7,3%), қаралды, 75 (2021 ж. – 64, + 17%). Төтенше жағдайлар департаментінен алынған ақпараттарға зер салсақ, биылғы жылғы өрт көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда анағұрлым төмен екенін көрсетуде. Бірақ бұл жарты жылдық көрсеткіш, аптап ыстық енді басталды. Дала мен орман-тоғай және саяжай маңындағы қураған шөптерден келетін қауіп әлі сейіле қойған жоқ. Сондықтан бірінші демалыс аймағына барған адамдар өрт салдарынан болатын ережелерді мұқият назарларында ұстағаны жөн. Бұдан бөлек, тұрғын үй мен жеке секторларда тұратын тұрғындар үшін газ жүйелерімен, газ балондарын абайлап қолдану, электр жүйелерінің тұйықталмауына зерек болғандары жөн. Себебі Құдай да сақтанғанды сақтайды...

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОЙТАМШЫ

ЗИЯЛЫНЫҢ ЗИЯНЫ ЕЛГЕ ТИМЕСІН

Бүгінгі қоғамда қара халық – зиялы қауым дегенге таң қалмайтын болды. Керісінше зиялы дегендердің зиянын көріп көріп жүрміз дейді. Онысы рас енді. Елдің сөзін сөйлейді, ақты – ақ, қараны – қара деп қаралайды деген зиялы қауымдардың өздері бір-бірімен бас араздасып, жоғары сотқа дейін барғанын да көргенбіз. Бұл қаламгерлер арасындағы зиялылардың қам-қарекеті болатын. Одан да басқа дау-дамайларын өз іштерінде шешпей, қалың бұқараға жариялап, ақпарат құралдарында мылтықсыз майдан жүрген-ді.

Ал мемлекеттік қызметтің тұтқасын ұстағандар арасындағы зиялылардың іс-әрекеттерін көргенде көңілің жасиды. Ішінара болмаса, кіл жалпақтау мен жағынудың қыр-сырын жетік меңгеріп алғандар халықтың сөзін сөйлемей, жоғарғы лауазымды тұлғаның алдында құрдай жорғалап, қара бастарының қамын күйттейді, «Елді жолбарыс басқарса, халықта жолбарысқа айналады. Ал қоян басқарса, халықта қоянға айналады» деген зиялыны да көріп, «Япыр-ай, әкімге де осылай жағынатындай мұның басына не күн туды екен?» дескенбіз. Көп ұзамай әлгі жолбарысқа балаған әкімі қызметтен кеткенде сол зиялы «Ішті, жеді, кетті, оның қылшығы да қисайған жоқ қой» деді. Бізде шынайы зиялыларды іздеу шөп арасына түсіп кеткен инені іздеумен бірдей ғой...

Бұл тақырыпты қозғағым да жоқ еді. Екі бөлінген Алматы және Жетісу облыстарының қайта құрылуына орай Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өңірдің рухани-мәдени дамуына елеулі үлес қосқан зиялы қауыммен жүздесті. Сол зиялылардың арасына мені де қосыпты. Әкіммен жүздесеміз дегенде көп толғандым. Мен шынайы зиялымын ба? Барып көптің қарасын көбейтіп бас шұлғып қайтамын ба? Жоқ, өзім қырық жыл терімді төгіп, еңбегімді сіңірген мәдениеттің ахуалын айсам ба екен, жоқ, елге де, әкімге де көрінбей, зиянымды тигізбей тыныш қана жүре берсем бе екен деген ой санамның шаңын бұрқылдатты.

Қой барайын, біз айтпасақ кім айтады, көп сынап жүрген зиялының қатарына енді өзімде қосылыппын деп, жаңа әкімнің өмір дерегіне көз сүздім. Жалпы қаламгерлер арасынан шыққан екі облыс әкімі бар екен. Бірі қазіргі сенатор – Мұхтар Құлмұхамед, екіншісі Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, оны өзіне де айттым. Өңір басшысы әкім болып тағайындалғалы бері әуелі өңірдегі аралап, (әлі де толық аралап болған жоқ) сонан соң өзінің үш бірдей орынбасарын тағайындап, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін құттықтап, ардагерлермен жүздесіп, енді зиялы қауыммен кездесу өткізді. Басты талап, танысып-білісу, келешектің жарқын болуына, зиялы қауымның руханият мәселесіне орай пікірлеріне құлақ түрді. Жүзі жылы, елшілік қызметтерде ысылған сенатор болған азаматтың тепсе темір үзетіні кесін-келбетінен көрініп тұр. Ә деп әкім болып келіп бәріміз қазақша сөйлейік деп ұран тастағанда, «Әп бәрекелді, руханият адамы екені көрініп тұр» осы қалыптан танбай, 2007 жылы іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіріліп, артынша сиыр құйымшақтанып, баяғы таз кепешін қайта киген Жетісудағы тіл мәселесін Бейбіт Исабаев шешетін шығар деген арман-тілек мені зиялылар ортасына жетелеп барған.

Әкім алдымен зиялы қауыммен кездесуінің мән-мағынасын, себебін түсіндірді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлытауда өткен ұлттық құрылтайда айтқан елдің саяси жүйесіндегі жаңа өзгерістерге, қоғамдағы құндылықтарды ой-елегінен қайта өткізуге қатысты екенін жіліктеп айтып, елге белгілі азаматтардың көрсеткен бағыты мен айтқан ұсынысы дамудың жаңа кезеңіне серпін беретінін баса айтты.

– Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов ұлт зиялыларын «Жұрттың болашақ тұрмысына жаңалық кіргізетін, халықтың зиянды әдетін жоятын жолбасшы көсемі», – деп бағаласа, Міржақып Дулатұлы «зиялы қауым халықтың қамын ойлауға міндетті» екенін бекер бекемдемеген. Интеллигенция – қоғамның қозғаушы күші, ақыл-ойы, бағдаршысы іспетті, Мемлекет басшысының жаңа Қазақстан құру жолындағы тың бастамаларын іске асыруда бірінші кезекте сіздердің қолдауларыңыз бен ерік-жігерлеріңізге көп нәрсе байланысты. Өткенді жоққа шығаруға болмайды. Жүріп өткен жолымыз – біз үшін үлкен сабақ. Отыз жыл ішінде біршама күрделі де қиын кезеңді бастан кешірдік. Қателіктерден дұрыс қорытынды шығарып, бүгінгі қоғамдық өмірдің барлық саласына түбегейлі бетбұрыс жасауға ат салысуымыз керек. Қазір біз үлкен өзгерістердің басында, жол айрығында тұрмыз. Ұлттың болашағы жолында, жастарға дұрыс бағыт-бағдар таңдауда сіздер тиімді, дұрыс жол көрсетулеріңіз қажет, – деді.

Жөн сөз. Жол көрсету – зиялы қауымның парызы. Олармен ақылдасып, «келісіп пішкен тон келте болмайтынын» түсінген әкімге де керегі елдің мақсат мүддесі. Әйтпесе, отыз жыл Президенттен бастап, облыс, аудан әкімдерін мақтаудан, мадақтаудан шыққан биігіміз шамалы. Оның қорытындысын қаңтар оқиғасы көрсеткен. Шынайы сөз бен шынайы сын адамды шыңдайды. Су жаңа әкімнің ұстанған бағыты – жаңа облысты жаңаша түлету, жастарға дұрыс жол көрсету.

Бейбіт Өксікбайұлы былтыр өткен халық санағында қазақтардың саны шамамен 70%-ға жеткенін, алайда, ол халықтың сапалық өсуіне тірек бола алмайтынын, қоғамда әлеуметтік масылдық, жалқаулық, жатыпішерлік сынды жаман әдеттердің қалыптасқанын дөңгелек үстел басында көлденең тартты. Халықтың ақсап тұрған тұсын дәл басып айтты. Ол әлеуметтік мәселе. Жалқаулықтың да, жатыпішерліктің де, жемқорлықтың да асқынғаны рас. Идеологиялық реформа жүрмей, бұл кеселден қазақ жақын арада арыла қоймайды. Сол идеологияны қарыштататын кадр мемлекеттік қызметте жоққа тән. «Аузынан сөзі, бойынан бөзі түсіп қалғандар» елді ұйыстырмақ түгілі, не айтып, не жасап жүргендерін өздері білмейді. Мінбеге шыққа екі сөздің басын біріктіре алмай, қағаздан бас алмайды. Бұл бөлек әңгіме. Енді жүздесуде сөз сөйлеген зиялылардың сөзіне құлақ түрсек. Серік Мұқанов әйелдерге арналған дағдарыс орталығын ашуды, Қазақстанның халық әртісі Алмахан Кенжебекова туғанына 100 жыл толып отырған Бикен Римова атындағы облыстық театрға академиялық атауын алуды, ардагер журналист Әміре Әрін ұлттың ұясы Ұлытаудан бастау алған Ұлттық құрылтайды жер жәннаты Жетісуда өткізуді, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Лариса Котельникова медиа сауаттылық, геосаясатты жетік меңгеруді, «Айналайын» балалар үйінің әдіскері Жамал Баймәдиева бала тәрбиесін, ұлттық рухты алға оздыруды, журналист Жомарт Игіман белгілі ақын Әділбек Абайділдановтың 90 жылдығын лайықты деңгейде өткізуді, Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы филиалының төрайымы Сәуле Ахмадиева балаларға арналған тегін үйірмелер ашуды, облыстық аурухананың бас дәрігері Анарбек Монголханұлы заманауи медициналық құрылғылар алуды және ауруханаға күрделі жөндеу жүргізуді, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты Амангелді Төлемісов халықты баспанамен тегін қамтуды, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, белгілі журналист Атсалим Идигов ұлттық идеологияны дамытуды ұсыныс ретінде ортаға салып, көпшіліктің көкейінде жүрген мәселелерді қозғады.

Әкім мырза айтылған ұсыныстардың бәрін қағазға түртіп отырды. Енді оның қаншасы жүзеге асады оны алдағы уақыт көрсетеді.

«Мен сіздерге үйтемін, бүйтемін деп, үйіп-төгіп уәде беріп, өтірікші болғым келмейді. Жаңа араларыңызда әкім алдап кетті деген азаматтың сөзін де естідіңіздер. Сондықтан айтылған ұсыныс пікірлер елеп-екшеленіп, сараланатын болады. Айтылған мәселенің бәрі де жетісу жұртшылығының өркендеуі жолындағы қажетті қадамдарды қамтиды. Әсіресе, жас ұрпақтың тәрбиесіне қажетті тетіктер ескерусіз қалмауы жиі айтылды. Өйткені елді дүр сілкіндірген биылғы «қаралы қаңтар» оқиғасының халықтың дүниетанымына елеулі әсер еткенін, айтушылар қоғам мен ел ішінде жаңаша пайым, жаңаша саралау алға шыққанын білесіздер. Айтылған ұсыныс тілектер аяқсыз қалмайды. Ең алдымен елдегі бірлік-береке бекем болса, сіздермен бірлесе жұмыс жасаймыз, зиялылардың белсенділігі болашақтың жарқын болуына ықпал етеді», – деген облыс әкімі Бейбіт Исабаев жиынды қорытындылады.

Облыс бөлінгенге дейін де әкімдер зиялылармен кездескен. Тек қана әкімдер емес, Президентте кездесіп жатады. Алайда елдің арман-мүддесін, ел басқарушылардың сындарлы саясатта қандай бағытта кетіп бара жатқанын ашық айтудың орнына жаппай мақтап, марапат алып, шапан киіп, жеке басын күйттеген талай зиялылар елдің зығырданын қайнатқаны жасырын емес-ті. Алысқа бармай-ақ, қаңтар оқиғасы кезінде Дулат Исабеков, Сұмағұл Елубаев, Нұрлан Оразалин сынды зиялылар елдің сөзін сөйлеп, жастарды арандатушылардың әрекетіне алданып қалмауға және Президентті қалың бұқарамен диалогқа баруға шақырды. Ал өңірлерде дүрбелең басталғанда зиялылар зым-зия жоғалып кетті. Әліптің артын бағып, үйлерінде жатты. Ардагерлер «Алапестей» елден алшақтап кетті. Зиялылар – зиялы деген атты кірлетпесе, қай өңірде болмасын зиялылар, ардагерлер талапшыл болса, ел тізгінін ұстаған әкімдер де елмен санасады. Жастар анандай, мынандай дейміз. Сол жастарға жол көрсететін зиялының өзі зиянды болса кімге өкпелейміз?

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев айтқан жалқаулықтың да, жатыпішерліктің де бір ұшы идеологияда жатқан жоқ па? Сол идеологияның тамырына қан жүгіртер уақыт келді. Оған зиялылар жалтақтамай, екі жүзді болмай, барды бар, жоқты жоқ деп баға беріп, әкімдермен тізе қосса қанеки?!

Ұлт болашағы жолында жастарға бағыт беретін де, жол көрсететін де, алға жөн сілтейтін де, кеңес беретін де зиялылар. Әрбір зиялы ақын Сәкен Иманасовтың: «Ар алдында мен өзімді әрдайым, дар алдында тұрғандай-ақ сезінем» деген өлең жолдарын бойтұмарындай етіп, бойларына түйіп алса, болар еді.

А. БҰЛҒАҚОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 18 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.50 Әнұран
06.05, 02.50 «Жәдігер»
06.30, 01.50 «Теледәрігер»
07.30, 03.30 «Masele»
08.10 «Көңіл толқыны»
09.10 «Алдар Көсенің көңілді оқиғалары»
10.00, 13.00, 20.00, 01.20 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 20.30 «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен»
14.00 К/ф «Малефисента: түнекәміршісі»
15.45 Д/ф «Киелі Qazaqstan»
16.00 «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Сақшы Арыстан»
21.30 «Өмір ызғары»
22.30 «1001 түн»
23.40 «Qazaqstan дауысы»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00, 16.00 Телесериал
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Союзники»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Тайталас»
15.00 «Әке бақыты»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-2»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30, 02.00 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «103»
15.10 Сериал «Громовы»
16.00, 01.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Сырты бүтін»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30 Т/х «Ене»
19.25 «Диназаур»
20.00, 02.40 «Astana Times»
20.30 Т/х «Қорықыш»
21.00 Т/х «Жылама, ана»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
07.00, 22.20,03.15 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Пусть говорят»
12.00 Сериал «Миссия Аметисит»
13.00 Сериал «Роман с детективом»
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные Новости»
20.35, 23.20 Сериал«Реализация»
01.45 «Воскресенский»
02.45 «Новости»
03.00 «Жаңалықтар»
04.00 «Басты жаңалықтар»
04.25 «Тамаша City»
05.10 «Той заказ»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Ктк қоржынынан»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.20 «Ақ мама»
09.25 «Одиночка»
11.20 «Чудо по расписанию»
15.00 «Көріпкел»
15.50, 02.10 Т/х «Саодат»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Хороший парень»
23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
01.30 «Меч»
03.30 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 «Құйынды мекен»
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 «QR.kz»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 02.40 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30 «31 әзіл»
08.30, 00.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.40, 12.40 Сериал «Отель «Элеон»
13.50 Х/ф «Коктейль для звезды»
16.00 Х/ф «Поцелуй дракона»
18.05 Х/ф «Честный вор»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Сезон убиц»
01.00 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Bala batlle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
06.50 «Арам ақша, адал махаббат»
07.50, 14.40 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 23.20 «Шоу маска»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 Сериал «Гадалка»
16.30 «Герой по вызову»
17.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені
02.00 «Психологини»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 19 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, 02.00 «Теледәрігер»
07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 01.30 AQPARAT
08.00 «Көңіл толқыны»
09.10 «Сақшы Арыстан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 20.30 «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен»
14.00 «Әйел әлемі»
14.35 «Ауылдастар»
15.05 «Күміс көмей»
16.00 «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Сақшы Арыстан»
21.30 «Өмір ызғары»
22.30 «1001 түн»
23.40 «Qazaqstan дауысы»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00, 16.00 Телесериал
07.00 «Оян!»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Тайталас»
15.00 «Әке бақыты»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туынды тарихы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-2»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30, 02.00 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «103»
15.10 Сериал «Громовы»
16.00, 01.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Сырты бүтін»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30 Т/х «Ене»
19.25 «Диназаур»
20.00 «Astana Times»
20.30 Т/х «Қорқыныш»
21.00 Т/х «Жлама, ана»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
07.00, 22.20 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 «Миссия аметист»
13.10 «Роман с детективом»
14.10 НОВОСТИ
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 «QOSLIKE»
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные Новости
20.35, 23.20 «Реализация»
02.45 «Новости»
02.55 «Жаңалықтар»
01.35 «Басты жаңалықтар»
02.05 «Той заказ»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Ктк қоржынынан»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.20 «Ақ мама»
09.25 «Одиночка»
11.15 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
13.00 «Хороший парень»
15.00 «Көріпкел»
15.50, 02.10 Т/х «Саодат»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Хороший парень»
23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
01.30 «Меч»
03.25 «Көріпкел»
04.00-04.30 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Жетысуская область)
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Сегодня» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 Д/ф «Бүгінгі дің»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 02.40 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30, 00.10 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 «Күлін All»
11.00 М/с «Маша и медведь
12.10, 13.10 Сериал «Отель Элеон»
14.20 Х/ф «Джанго освобожденный»
18.10 Х/ф «Сезон убиц»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Одержимость»
01.00 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Bala batlle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Гудия»
06.50 «Арам ақша, адал махаббат»
07.50, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 23.30 «Шоу маска»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 Сериал «Гадалка»
16.30 «Герой по вызову»
17.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
02.00 «Психологини»

Сәрсенбі - Среда, 20 шілде

ҚАЗАҚСТАН

Телерадио хабарларын тарату орталығындағы профилактикалық жұмыстарға байланысты 2022 жылы 20 шілде, сәрсенбі күні 16.55-ке дейін «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасының хабарлары көрсетілмейді.
16.55, 03.40 Әнұран
17.00 Д/ф «Киелі Qazaqstan»
17.15 «Сақшы Арыстан»
18.00 «Гүлдер құпиясы»
20.00, 01.20 AQPARAT
20.30 «Ауыл мұғалімі»
21.30 «Өмір ызғары»
22.30 «1001 түн»
23.40 «Qazaqstan дауысы»
01.50 «Теледәрігер»
02.50 «Жәдігер»
03.10 «Ауылдастар»

ХАБАР

Техникалық үзіліс. Профилактика 17.00
17.00 Сериал «В шаге от рая»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-2»
22.30 «Не хабар?»
23.30 Т/х «Тайталас»
00.30 Т/х «Егіз жүрек»
01.00 Әнұран

АСТАНА

Техникалық үзіліс. Прфилактика.
17.00 «Сырты бүтін»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30 «Ене»
19.25 «Диназаур»
20.00, 02.40 «Astana Times»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
23.50 Т/х «Чососнның жаңа күні»
01.00 Х/ф «Көкжалдар»

ЕВРАЗИЯ

Уважаевые телезрители! Приносим извинения за перерыв в эфире до 17.00 в связи с профилактическими работами.
17.00 «QOSLIKE»
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные Новости
20.35, 23.20 Сериал «Реализация»
22.20, 03.10 «Паутина»
01.45 «Воскресенский»
02.45 «Басты жаңалықтар»
03.55 «Тамаша City»
04.40 «Той заказ»

КТК

Техническая профилактика.
17.00 Әнұран
17.05 Мерекелік концерт
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Никогда не бывает поздно»
23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
01.30 «Меч»
02.10 «Саодат»
03.25 «Көріпкел»
04.00-04.30 «Ктк қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Жетысуская область)
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дің» БЕГУШКА БЕРМЕНДЕР!!!
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 02.40 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30, 00.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.10 Сериал «Отель Элеон» (повтор)
12.10 «Отель Элеон»
13.25 Х/ф «Одержимость»
15.55 Х/ф «Честный вор»
18.00 «Бесстрашная гиена»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Легион»
01.00 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Bala batlle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

Профилактика.
17.00 Сериал «Гадалка»
17.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Сериал «Қанатсыз құстар»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.20 Шоу «Маска»
02.00 «Психологини»
02.30 Оян, Qazaqstan Music
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 «Қуырдақ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЗАР

24/7 ЕМШАРА БӨЛМЕСІ АШЫЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІН ТӘМАМДАҒАН АҚКӨҢІЛ БОРАНБАЙҚЫЗЫНЫҢ БАЛА КЕЗДЕГІ АРМАНЫ ЖУРНАЛИСТ БОЛУ ЕДІ. АТАЛМЫШ ОҚУ ОРНЫН БІТІРГЕНІМЕН ӨЗІ АРМАН ЕТКЕН САЛАДА ЕҢБЕК ЕТУІНЕ МАРҚҰМ БЕЙСЕН (Қ) АҒАНЫҢ КӨМЕГІ ТИГЕН.

Он бір жыл журналистиканың қазанында қайнай жүріп, түрлі бағдарламалар жүргізеді. Осы салада жүріп мемлекет тарапынан кәсібін ашсам дейтін жастарға арнайы жеңілдік барын да естіп, қатысып көрсем деген ниетпен жоспарын құрады. Сөйтіп, құрған жоспары жүзеге асып, 2018 жылы алғаш рет 2 млн. теңге көлемінде грант ұтып алады. Бұл қаражат арқылы өзінің ойын кәдеге жаратып, талай шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік алса, 2019 жылы 1 млн. теңге грант ұтып алады. Мұны жетім балалар, жалғыз басты аналар мен әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларын, жалпы саны 60 баланы жаздық лагерьге апарып, демалыс ұйымдастырған.

Бұдан кейін де кейіпкеріміздің атқарған істері шаш етектен. Декреттік демалысқа шыққан соң да құр отырмайын деп желілік маркетингке кіріп, үйде отырып та табыс көзін табуға болатынын білді. Осылайша NL компаниясының дәрумендерін халыққа ұсына бастады.

2021 жылы үшінші мәрте арнайы жобаға қатысып, 500 мың теңге грант ұтып алады. Ұсынылған жоба Көксу ауданының жастарын IT технология мен робототехниканың қыр-сырын үйретуге бағытталды. Бірақ карантиндік режим салдарынан онлайн форматтық оқуға көшіп, балалардың қызығушылығы төмендеп, жұмысы алға баспай қалады. Дей тұрғанмен ол ісін тоқтатып, қоя салмады. «Ерінбеген етікші болады» демекші, медицина саласында да өзінің қыры барын алға тартып, Талдықорған қаласынан 24/7 үздіксіз қызмет жасайтын емшара бөлмесін ашуды ойластырады. Жоба мақсаты – халықтың денсаулығын жақсартуда көмек қолын созу. Оның бұл ойы да іске асып, қайтарымсыз грант ұтып алады. Аққөңіл Қабылбекованың өзі айтқандай, бұл оның ұтып отырған төртінші гранты.

Өткен аптада Талдықалада алғаш рет Аққөңіл Боранбайқызының күні бойы үздіксіз жұмыс жасайтын емшара бөлмесі халыққа есігін айқара ашты.

«*Процедуралық кабинетті ашуға мотиватор болған өзім. Неге десеңіз, көп жағдайда жанымдағыларға көмек көрсеткеніммен, өзіме көмек көрсететін адам таппай қиналдым. Екіншіден, жұмыстан шыққан емделушілердің емдері үзілмесін дегенді алға тартып, осы орталықты ашуға бел будым,* – дейді ол.

Емшара бөлмесінің ашылуымен бірнеше маман жұмыспен қамтылды. Қазіргі таңда 3 орта маман және жүргізуші қызмет атқарады. Өз алдыларына кезекшілік кестесін құрып, бірі үйіне шақыртқандарға ем-дом жасауға, бірі төсек тартып жатқандарға екпесін салуға барады. Енді бірі орталыққа келушілерді күтіп, емдік шарасын жасайды. Өзге жекеменшік медициналық орталыққа қарағанда процедура кабинетінің бағасы да қолжетімді. Мәселен, тамыр арқылы тамшылату екпесі (система) 800 теңге, жамбасқа екпе салу 200 теңге, тамыр ішіне екпе салу 300 теңге. Қан қысымын өлшеу 100 теңге. Жарақат таңу үшін 500 теңге. Ал үйге шақыртқан жағдайда жол ақысын шақырған адам төлейді. Жол ақысы қашықтығына байланысты 500 теңге шамасында. Тағы бір айта кетерлігі, мұнда жүгінгендердің айына кемі 10 адамды (*көп балалы ана, зейнеткер және мүмкіндігі шектеулі жандар*) тегін қабылдайды. Бұл тұста Аққөңіл ханым дәрі-дәрмектен тыс емшара жасау қызметіне ақысын алмай көмек көрсетудің өзіндік ерекшелігі барын да тілге тиек етті.

– *Қатысқан бұл жобада 2 миллионнан 5 миллионға дейін қарастырылған. Мен 2 млн. төңірегіндегіге қатысып көрейін деп шештім. Өйткені үлкен іске бару қадамын шағын дүниеден бастауды жөн санадым. Діттеген ойым жүзеге асып, грантты ұтып алдым. Бұл жобаға өткен жылдың қараша айында қатысқан едім. Осы жылдың маусым айында тиесілі қаражатты қолға берді. Қаражатты қолға алған сәттен бастап іске кірісіп кеттім. Себебі алған қаражатың үшін есеп беруге тиіссің. Осылайша екі апта ішінде бос кабинет іздеп, қажетті заттарымызды алдық. Бұл ақшаға дәрі-дәрмек, жалға алған орынның коммуналдық төлемі кіріктірілмеген. Оны өзімнің қалтамнан шығарамын. Жалпы, бұл жобаға қатысуда өз қалтаңда да қажетті қаражат болуы тиісті еді. Яғни, 2 млн. теңге сұрасам, өзімде 200 мың теңге болуы керек. Аллаға шүкір, отбасымның қолдауымен керекті соманы жинастырып алдым. Бұл істе ата-енеммен, жұбайымның берген көмегі зор-ақ,* – деп ағынан жарылды Аққөңіл Боранбайқызы.

Осы орайда емшара бөлмесіне жүгінген жандар да өздерінің жылы лебізін білдірді.

Толқын Айтқазықызы, қала тұрғыны:
– *Қаламыздан осындай процедуралық кабинеттің ашылғанына қуаныштымын. Аққөңілді NL компаниясынан білемін. Бірақ осы орталық жайында инстаграм желісінен көрдім. Екі-үш күн бұрын ауырып қалып, бірден осы емшара бөлмесіне келдім. Мұнда емдеу кабинетінің 24/7 режимі және бағасы қызықтырды. Яғни, жұмыстан шыққаннан кейін кез келген уақытта келіп, емдік шараңды алуға қолайлы. Ел денсаулығы жолында халыққа қолайлы осындай медициналық орталықтың ашылуы өте қажет деп санаймын.*

Айнұр Сағындыққызы, Көксу ауданына қарасты Балпық би ауылы, орталық ауруханасының дәрігері: – *Он бір жыл медицина саласында еңбек етіп келемін. Аққөңілдің ашқан процедуралық кабинетін естіп, өз ауданымда осындай емшара бөлмесін ашуымызға ақыл-кеңесі мен жол көрсетуін сұрай келдім. Бұл орталық жайында интернет желісінен білдім. Халық игілігі үшін өте ыңғайлы, әсіресе пандемия кезінде нағыз керек кабинет. Мені күні-түні жұмыс істейтіні қызықтырды. Ауыл халқы үшін аса қажет-ақ. Бұл кісі қуана-қуана көмектесетінін айтып, қазірдің өзінде көп нәрсені түсіндірді. Алдағы уақытта осы жердің көркеюіне, жақсы мамандардың көбеюіне тілектеспін.*

Аққөңіл ханыммен әңгімелесуде жылына екі мәрте болатын мемлекеттік грантқа тағы да қатысып, емшара бөлмесін ары қарай дамыту мәселесін басты мақсат етіп отырғанын айтты. Түсінгеніміз, бұл оның алға қойған мақсаттарының бір парасы ғана... Айтарымыз, әр ісіңізге Алла берекесін берсін!

А. БЕКМОЛДИНА.

БІЛІМ

ШЕБЕРЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУГЕ МҮМКІНДІК

Бүгінгі таңда педагогтердің біліктілігін арттыру - оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ, бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны болып табылады. Оқу жылының аяғын ала басталып кеткен оқу курстары кезең-кезеңімен облыс көлемінде «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастыруымен жүргізілуде.

Алғашқылардың бірі болып, қала және аудан мектептерінің қазақ тілі пәнінің мұғалімдері «Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндері мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» біліктілікті арттыру курсын оқыды. Мектеп бағдарламасындағы негізгі пәндердің көшін бастап тұрған ана тілімізді жоғары деңгейде оқытудың маңызы ерекше. Білім алушылардың өз ойын тіл заңдылықтарының талаптарына сай лайықты жеткізуі, баяндауы, негіздеуі – орта білім алудың басты құралы екендігі белгілі. Сол себептен де білім ошақтарында қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту мәселесі және тілдің функционалды жағын қарастыратын әлеуметтік лингвистика саласын қамтитын тақырыптар жайлы курс тыңдаушылары жан жақты мәліметтер алып, біліктіліктерін дамыта түсті. Біліктілікті арттыру курсы мұғалімдердің тәжірибесін толықтыруға, рефлексия жасауға, оқу дағдыларының тапсырмаларын әзірлеуде шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік берді. Курстық бағдарламаның басты мақсатының өзі мектепте оқу процесін жетілдіруге бағытталған қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін оқыту саласындағы пәндік құзыреттілікті қалыптастыру болғандықтан, мұғалімнің тәжірибесін, пәндік білімін тереңдетуге арналған дәрістер мен сабақ барысында жүргізілген практикалық жұмыстар жоғары деңгейде өткендігін зор қуанышпен айтуға тұрарлық. Курс оқу кезінде оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыс түрлері, дағдылары мен біліктерін жетілдіруге баса назар аудару керектігі ескерілген. Оқу мақсаты мен міндеттеріне, оқушылардың білім деңгейінің дәрежесіне, мәтіннің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты талдау жүргізу тапсырмаларын әзірлеуде оқудың дағдылары мен біліктілігін дамыта отырып, оқу бағдарламасына сай оқу мақсатын сабақ мақсатымен сабақтастырып жүргізу керектігі басты назарда болды. Арнайы сабақ жоспарлары әзірленіп, презентациялар жүргізілді. Әр қатысушы педагог шығармашылық шеберлігіне, кәсіби біліміне қарай арнайы жоспарлы сабақ әзірлеп, өз жұмыстарына қорғау жасады. Тыңдаушылар тарапынан үлкен қолдау мен көмек көрген мұғалімдер қауымы оқу пәндерінің мазмұнын жүзеге асырудағы кәсіби қиындықтарды еңсеруге дайын екендіктерін тағы бір мәрте дәлелдеді. Біліктілікті арттыру курсының мазмұны педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске асыру үшін педагогке қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да құзыреттердің оңтайлы арақатынасын келешекте қамтуына жол ашты. Курс бағдарламаларының сапалы мазмұны білім алушылар білімдерінің сапалы өсуіне ықпал етері сөзсіз. Осы орайда, мұғалімдердің біліктіліктерін жетілдіру курсын ұйымдастырған «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы педагогикалық шеберлік орталығына және оқытушы тренерлерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бірінші күннен бауырына басып, қалай болғанда да білім саласының тағы бір жаңалығын меңгертуге зор үлес қосқан жетекшіміз Гауһар Бұзаубақова мен аға тренер Гүлшат Төреханова дәрісін тыңдай отырып, болашағымызға, еңбек жолымызға қажетті де құнды ақпараттармен сусындадық. Жақсыға қарай жол сілтеп, білгенін беруге ынтық болған педагог-тренерлердің атқарып жүрген еңбектері бір-бір нарға жүк болардай. Барлық курс қатысушылары атынан алғыс айта келе, шығармашылық шыңдалу тілейміз.

Сөз соңында айтпағым, кейде күйбің тірлікпен жүріп әсіресе, жазғы демалыс кезінде оқу курсына жіберіп жатса, ренжіп, сылтау іздейтіндігіміз бар. Ол өте қате ой дер едім. «Керек тастың ауырлығы жоқ» дегендей, білімді жетілдірудің, үйренудің ешқашанда зияны жоқ. Қайта керісінше, өз ісіміздің шебер маманы болу үшін ізденіс үстінде жүргенде ғана жақсы нәтиже көрсетеріміз анық. Тілді оқытуда әдіснамалық негіздердің мазмұны мен құрылымын оқу бағдарламасының талаптарына сай меңгеруді және шығармашылық тұрғыдан жетілуді көздесек, білім толықтыруға асығайық.

Баян ЖАНАБАЕВА,
К. Ушинский атындағы №7 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі .
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СҰХБАТ

«ЖАУЫҢДЫ БАСЫНДЫРМА,

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Көк Түріктер дәуірінің көсемі Тоныкөктің осы бір құдыретті сөзімен сұхбатымыз басталды.

– Нұрлан Мырқасымұлы, 75 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын!

– Рахмет!

– Сіз театр, басылым, Жазушылар одағын басқардыңыз, депутат болдыңыз. Осы соқпақтың бәрімен жүріп өткеннен кейін қандай өмірлік түйін жасадыңыз? Кешегі құндылықтар бүгін қайта безбенделіп, қоғамда өткір пікірталастар жүріп жатқан кезде, басқа басқару жүйесінің ақпараттық-рухани кеңістігінің бел ортасында жүріп қызмет еткен сіздің Жаңа Қазақстан жүйесінде алып-қосарыңыз бар ма?

– Әрине бар.

– Мысалы?

– Әуелі бір шындықтың басын ашып алайық. Басқару жүйесінде үлкен өзгерістер болғанымен... Ел өзгерген жоқ. Ондаған ғасырлық тарихы бар Ұлы Дала да, ұлы даланы мекен еткен халық та, халықтың тілі де, ділі де өзгерген жоқ. Ел мінезі мен болмысы қалпында.

Ел тарихы – біртұтас. Бұл – дәлелсіз ақиқат. Өткенді – бүгіннен, бүгінді болашақтан бөле-жара қарауға болмайды. Тағдыр-талайы ғаламдық қайшылықтардың көкпарына түскен Ұлы Даланың бүгінгі күрделі ахуалына әрбір қазақтың, әрбір қазақстандықтың бейжайы қарауға хақысы жоқ. Біздің халықта «сөз тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген мақал бар. Бұл мақалдан халқымыз үшін сөз дейтін ұғымның қаншама киелі, қасиетті екенін аңғаруға болады.

Мысалы... Сен айтып отырған пікірталастар хақында менің ойым былай... Өз тағдырын өзі қолына алған кешегі бодан елдің азаттыққа қол жеткізген 1990-2000 жылдар аралығындағы тарихи жауапкершілік арқалаған кезең мен үшін аса қымбат, қадірлі! Өйткені бұл кезең – Ұлт, Мемлекет Тәуелсіздігінің алғышарттарын қалыптастырған ұрпақтың арманы мен мұратын, ойы мен жігерін арқалаған кезең! Мен – сол ұрпақтың бір өкілімін. Қатары күн санап сиреп келе жатқан ұрпақ Тәуелсіздік туралы ақ айтылған сөзді естігенде – қуанады. Сыңарезу пікірлерді естігенде қуарады. Сөз қадірі кеткен мына бейдауа мінезді заманаға, әлде ары мен намысы тапталған адамға ренжірін білмей дал болады...

Өкініші әрине...

«Мемлекеттік дәстүрі болмаған ел» дейтін дүдәмәл уақытта іргелі реформалардың тұсауы кесілген күрделі кезеңге жан-жақты сараптама жасалып, тарихи баға толық беріле қойған жоқ. Оның орнына қоғамдық пікірді өзге арнаға бұрып, төбеден түскендей етіп, «отыз жыл бізді құртты, отыз жыл бізді оңдырмады» деушілердің қатары көбейе түсуде. Тәуелсіздіктің іргесі қаланған жылдардағы қиындық, қуаныш, жетістік, жаңашылдық, жасампаздық, бәрі сол жалпылама айтылған «жазғыру» мен «билікті кінәлаудің» көлеңкесінде қалып барады... Жақсымыз да, жаманымыз да «оңдырмаған отыз жылдың» құрсауына қамалып, өз өткенімізді өзіміз өгейситіп, өз тарихымызға деген жиіркенішті сезімді ұрпақ санасына, ұлт жадына «егіп» жатқанымызды байқамаймыз.

Бұл – қатерлі құбылыс!

Отыз жылы апарып салғанда өткен ғасырдың қойнында қалып бара жатқан Азаттық үшін жан алысып, жан беріскен, Тәуелсіздік үшін тұрысқан тоқсаныншы жылғы тұлғаларды қайда қоямыз?! Тірілерімізді түгендеп алтайақ бақиға озған Сақық Зиманов, Сағадат Нұрмағамбетов, Сұлтан Сартаев, Қаратай Тұрысов, Өзбекәлі Жәнібеков, Шерхан Мұртаза, Өмірбек Жолдасбеков, Әбіш Кекілбаев, Балғабек Қыдырбекұлы, Шахмардан Есенов, Әнуар Әлімжанов, Манаш Қозыбаев, Сауық Тәкежанов, Марат Оспанов, т.т. тәрізді екі ғасыр тоғысы тудырған тұлғалардың рухтарына не дейміз?

Күн сайын алапат өзгерістерге ұшырап жатқан дәуірдің жаңа бейнесін жасауға үлес қосқан өзге де қайраткерлеріміздің қызметін қайтеміз? Сызып тастауымыз керек пе? Отыз жылды тарих бетінен толықтай аластап тастасақ... Кім қалады? Кіммен қаламыз сонда? Ұтатын кім? Ұтатын қазақтың ұлы байтағын түсінде көріп, осыншама жерді алаш жұртына Ұлы Жаратушы жаңылып бере салғаны несі, дейтін ұлы жұрттар екенін неге естен шығарамыз? Өз тарихымызды жоққа шығарғаннан ұтылар кім? Ұтатын кім? Ұтылатын қазақ екені басы ашық! Егер ешнәрсе жасалмаса, Тәуелсіздік қайдан пайда болды? Мен бір қоғамдық формациядан екінші қоғамдық формацияға өту кезеңінде бар қиындықты иығына салып, жауапкершілік жүгін арқалаған мемлекет басшысының сол тұстағы маңызды қадамдары туралы жазған сынық сүйем сөзімнің бірде бірінен бас тартқан емеспін. Бас тартпаймын. Өйткені сол іргелі реформалардың ақпараттық насихатын жүргізіп, қазақ елін оңынан да, солынан да сансыз мәрте көктеп өткен егемендіктің әр кірпішінің қалай қаланғаны менің көз алдымда... Егер осы сөзіме күмәнмен қарап, кінә артар адам болса, 1993, 1994 жылдардағы Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен жүргізген екі сұхбатымды тауып алып оқуына болады. Мемлекет іргесі бекімеген, шаңырағы болғанымен, уығын қадай алмай, қалың тұман арасынан қаңтарылып жол іздеген тұста, Президенттің сол сұхбаттарында елді, елдікті сақтаудың барлық жүйе-жобасы айтылып, идеология тұғырын бекітуге негіз болып еді...

Әрине әр кездің өз қиындығы, өз мәнері болады. Тәуелсіздік дәуірінің «көзімізді уқалап ашқан» кезін еске алған сайын, билік пен халық арасындағы осы бір ұғынысты үйлесімнің барынша табиғи болғанын еріксіз сезінуге болады. Халықты – биліктен, билікті халықтан үркітетін әсіре ресмилік жоқ кез. Елі – басшысына сенген, басшысы халқына арқа сүйеген кезең... Осы бір жарасты үйлесім күрделі кездің қиындығы мен ауыртпалығын жуып-шайып, жүдеген елдің көңіліне қанат бітіргендей еді. Күдік пен күмән өрттей қаулап, «қазақ ұлты мемлекет құра алмайды» деген сыпсың сөздің жолын кесуде де осы үйлесім ерекше роль ойнаған жылдарды жамандыққа қалай қиюға болады?! Ел Тәуелсіздікке сенді! Бүгін қиналғанымен, ертең өмірлерінің оңалатынына сенді...

– Демек, халық Тәуелсіздікке сену арқылы билікке, болашаққа сенді ғой?

– Әрине... Экономикамыз тұралады. Рухани кеңістігімізде де тоқырау болды. Бірақ халық ертеңіне сенді. Сенімді серік етті...

– Өтпелі кезеңнің өрті тимеген сала болды ма?

– Жоқ! Өтпелі кезеңнің өрті мен дертінің жалыны қатты шалған рухани саланың бірі – әдебиет.

Екіншісі – кітап! Кеңес Одағы кезінде Қазақстан кітапты көп оқитын ел едік... Нарық басталған соң, жағдай өзгерді. Кітап шығару ісі мен кітап саудасы қиындады. Тоқырады. Ауыл-ауылдағы кітапхананың бәрі жабылды. Кітапсыз елдің ертеңі не болады? Жазушы қауымның тағдыры кітаппен байланысты. Жазушы да, кітап дейтін ұлы қазынамыз да жүдеді. Бірақ Сөздің рухы жүдеген жоқ.

Міне, ел үкіметін Ә. Қажыгелдин басқарған кезеңдегі кітап мен кітапханалар айналасындағы осы қиындыққа әрі бас газеттің басшысы, әрі қаламгер ретінде араласуыма тура келді. Үкімет басшысы мен бас редактор арасында қырғи-қабақ келіспеушілік басталды. Жүрегім сыздады. «Жабылып жатқан кітапханалар үшін кім жауап береді?» деген айдармен «Егемен Қазақстан» бетінде сын материалдар басылды. Жер-жерден келген хаттар дабыл қаға бастады. Есігіне қара құлып салынған кітапханалар қастандықпен пара-пар еді... «Олжабайдың ауылы ашығып отыр» тәрізді мақалалар үшін тиісті жерлерден сын-ескертулер естіп, «сыбағамызды» да алдық... «Егеменнің» 75 жылдық мерейтойында құттықтау күтіп отырған редакция ұжымы сұрапыл дауыл мен бет қаратпас боранның өтінде қалған да кезі болды. «Сендер нарық қатынасын неге дұрыс насихаттамайсыңдар?» деген мемлекет басшысының аузынан ауыр сын есту оңай болған жоқ.

Дегенмен басылым басшысы ретінде соңынан сөз алып, он-он бес минут сөйлеп, шындықты жайып салуға тура келді. «Егемен» – ел билігінің көзі мен құлағы болуы керек. Бірақ көз бар – көрмейді, құлақ бар – естімейді. Билік пен халық арасындағы есік бекітілген... Көрсетпейтіндер бар, естіртпейтіндер бар. Өңірлердегі «СҚ»-ның кезінде сықиып «Волга» мініп жүретін меншікті тілшілерді әкімдер есігінен сығалатпайды... Есік-терезе тарс жабулы. Сонда тілші қалай жазбақ, нені жазбақ? Тілшілердің алатын айлығы мардымсыз. «Караван» болса, жүйрік журналистерді Петербургтен, Мәскеуден, Омбыдан шақырады. Екі басылымда істейтіндердің айлықтарының айырмасы – жер мен көктей. Олар шақырған тілшісіне Алматының төрінен ойып үй алып береді. Ал Үкімет жалғыз басылымына жағдай жасаудың орнына қол-аяғымызды қысып, тұлақтай тартып, көкпарға салады» дедім. Шындықты естіген Президенттің беті бізге бұрылды. Жүзі де, сөзі де жұмсарды. «Егеменнің» мерейтойы күнде бола бермейді» деп күнілгері жоспарланған Парламенттегі жиынға бармай, редакция қызметкерлерінің ортасында отырып, қуанышымызды бөлісті, жалақы орнына күріш пен қой алатын қызметкерлерімізбен суретке түсті. Қолдауы мен қамқор көңілін көрсетті. Кейін Нұрсұлтан Әбішұлы бір сөзінде «Сенің «Караванмен» салыстырып айтқан сөзіңе қатты ойланып қалдым» дегені бар.

– «Бизнестің жауапкершілігі, дәрігердің, мұғалімнің жауапкершілігі» деген ұғым бізге жақсы таныс. Ал табиғаты еркіндікпен етене жақын қаламгердің қоғам алдындағы жауапкершілігі қандай болады?

– Ел басына ауыртпалық түсіп, қандай қиын-қыстау кезеңдер орнаса да, жалпақ жұрттың жанынан алдымен ақын мен

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СҰХБАТ

ХАЛҚЫҢДЫ АШЫНДЫРМА!»

жазушы табылады. Себебі олар – жан дәрігері. Адамның жанын емдеумен айналысатын суреткердің жауапкершілігі тәнді емдейтін дәрігер жауапкершілігінен кем емес. Кеңес қоғамындағы адамдар үшін құдайдан кем болмаған Сталин өзі құрған жүйенің қалыбына сыймаған Булгаковты «алақанына салып», неге «кешіріммен» ұстады? Италияда жүрген Горькийдің Отанына оралуына неге мүдделі болды? Өйткені әдебиеттің үгіт-насихаттық, тәрбиелік мәнін жақсы түсінген тоталитарлық жүйе қоғамды руханият пен мәдениеттің өсіретінін, ал қаламгерлердің жасампаздық қасиетке ие екенін жақсы түсінді.

Біз егемендік алғаннан кейін екі мәселеде қателік жібірдік-ау деп ойлаймын. Бірі – ғылымды құлдыраттық, екіншісі – әдебиетті кіріптар жасадық. Соның салдарынан тұлғалардың қоғамдағы орны төмендеді. XX ғасыр ғылымға ғажайып жол ашты, қамқорлық жасады... Бірақ сол ғылымымыз глобализаторлардың қалтасында кетіп, адамзатқа қарсы жұмыс жүргізді емес пе? Пандемия көп шындықтың бетін ашты. Әдебиеттің әлсірегенін адамдар бойындағы қатыгездік пен жүгенсіздіктен аңғаруға болады. Кітап дейтін киелі дүниенің сұранысынан шығуы адам санасына жасалар озбырлық пен қаталдықтың шабуылын күшейтті. Рухани дағдарысқа ұшыраған қоғам ізгі сезімнен ада болатынына күні кеше қаңтар оқиғасының кезінде көзіміз жетті. Азған, тозған сана қатерлі. Азған адамға тонау, талан-таражға салып, таптау, өлтіре салу, өртеп жіберу түк емес.

Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ғылым Академиясының 75 жылдық мерейтойымен құттықтаған жиынына қатыстым. Жалақысы азайып, мықты мамандары өзге салаға ауысып, басынан бағы тайған Ғылым Академиясы «ендігі жерде қайтадан мемлекет тарапынан қаржыландырылатын болады» дегенде, бөркін аспанға атқан ғалымдардың қуанышын тек көзбен көру керек. Мемлекет басшысының әр сөзіне ризалығы кемі жиырма рет қол соққанынан аңғарылды. Мұны ғылымға жасалған қамқорлықтың, жалпы қоғамдағы іргелі болашақ өзгерістердің басы деп білдім. Кітаптан алыстап кеткен, ғылымнан бас тартып, рухани жүдеген елдерде тобырлық психология етек алатынын жаңа дәуір тарихынан күн сайын көріп келеміз. Президентіміздің бұл шешімі – ерлік! Нағыз ерлік! Ұлт ғылымын уақыт ұйығынан суырып алғандай әсер етті. Қоғамды, адамды, адамның ой-санасын, жанын сақтайтын кәсіптің иелерін тықсыра бергеннен ұлт та, билік те ұтылады. Ғылымға жасалған осы қамқорлық болашақта әдебиетке де жасалуы керек деп ойлаймын.

– Қарап тұрсаңыз, қарабайырлық пен қатігездік барлық жерде насихатталып жатыр. Қалыпты жайтқа айналғандықтан талғаусыз жұтып, таразыламастан санаға сіңіріп, қабылдауға мәжбүрміз. Осының бәрі идеологияда сүзгінің болмағанынан ба? Себебі неде?

– Ұялы телефон мен интернет кітап оқымайтындар мен рухани жүдегендердің алтыннан да қымбат уақытын ұрлағанымен қоймай, адам баласын жолынан тайдырып, ой-санасын аздырудың үлкен қаруына айналды. Ғаламданған үшінші әлемді біржола тұралату үшін жасалған қатігез құрал сияқты көрінеді. Артық айтсам... Алла кешірсін! Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) тiрiлiп келсе, Абай ортамызда жүрсе, бүгінгі қағынған жеріген тобыр-қоғам оларды да оңдырмай, көкпар етіп тартып, күні-түні қысымда ұстап отырар едік. Әрине... Әлеуметтік желінің пайдасын жоққа шығара алмаймын, бірақ желі бетіндегі жойдасыз жүгенсіздік қазақ мінезінің өзгеруіне әсерін тигізіп, жалқаулыққа, тәуелділікке алып келді. Телефонға телміргендер білімнен гөрі, өсексөз, қажетсіз ақпаратты аңдитын болды. Адам ойы мен санасын осылайша арзандатқан ел емес едік... Ақсақалдың басынан аттап, қадірлі кісіні кемсітетіндей, жақсының жағасынан алып, жығылған бейбақты табалайтындай көргенсіз мінезді күнде көріп, көндігіп барамыз. Қорқыныштысы. Альберт Эйнштейннің мына айтқанын, ұнатқан болуым керек, күнделігіме (25.01.2022 ж.) көшіріп жазыппын: «Я боюсь, что обязательно наступит день, когда технологии превзойдут простое человеческое общение. И мир тогда получит поколение идиотов» депті. Жазыппын да: «Ұлы кісінің айтқаны келді. Жаңа XXI ғасыр басталғалы әлем адамзаттың бойындағы қарапайым адами қатынастардан айрыла бастады. Технология біздің бойымыздағы сезім, жанашырлық, кісілік, кішілік, адамгершілік секілді ұлы қасиеттерді мүлдем ығыстырып, тұншықтырып бара жатқан тәрізді. Бұл, әсіресе өркениет пен жаһанданудың байыбына толық бара қоймаған, еліктеу, солықтау сатысында жүрген ұлттар үшін қауіпті» деп пікір қалдырыппын.

– Күнделікті не себептен жазасыз? Сұхбаттасып, сырласып, ой бөлісетін жақын-жанашырларға сенім азайғаннан ба? Ермегіңіз бе? Әлде шығармашылығыңыздың бір бөлігі ме?

– Менің шығармашылығымда әр түрлі көңіл толқынымен, сезімге қозғау салған оқиға ізімен жазылған күнделік жазбалар айырықша орын алады. Өмір, қоғам туралы ойларымды, шығармашылық жоспарымды, кейде заматында тіл ұшына келген өлеңдерімді де күнделігіме түсіріп отырамын... Жақында ескі күнделіктерімнің бірін ақтарып отырып, қырық жыл бұрын болған бір хикаятты кезіктірдім. «Асығыс жазбалар. 6-дәптер» деген күнделігіме (28.09.2020 ж.) түсіпті. «Екі күн болды, Армения мен Әзірбайжан арасында таулы Қарабақ үшін соғыс басталды. Қырғын соғыс! Менің есіме өткен ғасырдың, 1981 жылдың бір оқиғасы түсіп отыр. Пицунда. Әдеби қордың Шығармашылық демалыс үйі. Әзірбайжаннан келген Рахман Ализаде деген драматург пен Армениядан келген Петрос Мартиросян деген екі досым есіме түсіп отыр. Совет Одағы дейтін кең қолтық елдің драматургтері бас қосамыз. Біріміздің пьесамызды біріміз оқып, танысып, аудару керек болса аударуға жол ашып, шығармашылық байланыс орнатамыз....» деп басталған көлемді жазбада екі дос арасындағы сүттей ұйыған сыйластықтың аяқ асты қалай төбелеске айналғаны жайлы жазылыпты. Соңынан дәлізде келе жатқанда Ярославь Стельмах: «Нурлан, ты не забудь, одну истину» деді. «Какую?» «Трудно дружить нам с русскими». «Это правда». «Сен менің айтқанымды әлі талай еске алатын боласың. Армяндар да әзірбайжандармен тату болуы екі талай. Армяндар 1915 жылды ұмытпайды. Ал біз бастауымызды ежелгі Русьтен алатын славян тектес екі ел болсақ та, аға болғысы келетіндерге төзе алмаймыз» деп еді... Міне, атақты «Большая родня» «Кровь людская – не водица» деген атақты романдардың авторы, белгілі украин жазушысы Михаило Стельмахтың ұлы Ярославь Стельмахтың осыдан қырық жыл бұрын айтқан сөзі жадымда осымен үшінші рет жаңғырып отыр.

Біріншісі, 1989 жылы алғашқы Қарабақ қырғыны тұсында. Екіншісі, 2014 жылы ДНР, ЛНР қырғындарының тұсында, үшінші рет бүгінгі Кавказдағы екі ел арасындағы жаңа соғыстың тұсында... Славаның оншақты жыл бұрын қайтыс болғанын Иранбектен естідім. Жаны таза, жақсы жігіт еді...

Жүрегімен өмірдің бар шындығын қабылдап жүріп, ақыры «малорусь», «белорусь», «великорусь» дейтін ұғымдардың арасына сөзімен, ойымен көпір орната алмай бақиға ерте аттанып кеткен Ярославь Стельмахты ойладым. Ойлауыма себеп болған Таулы Қарабақтағы жаңа соғыс» деп жазыппын.

– Шартарапты шарпыған мынау дүрбелеңді қырық жыл бұрын болжаған досыңыз сәуегей екен, айтқаны келіп отыр ғой. Бұдан кейінгі Қырым, бүгінгі Ресей мен Украина арасындағы соғыс Қарабақтан да қиын болып, әлемді тығырыққа тіреді. Біздегі қаңтар қасіреті де ешқашан ұмытылмайды, қандай баға берер едіңіз?

– Айтары жоқ. Әлем тынышсыз. Қырық жыл бұрын Слава айтқан ағайын екі ел арасындағы «қайсымыз мықтымыздан» басталған өткен ғасырдың дауы, айналып келгенде Батыс пен Шығыстың алапат қырғынына жалғасқалы, міне, төртінші айға кетті... Қашан аяқталары белгісіз. Өршіп тұр.

«Жаңаөзендегі кедейшілік тақсыреті тудырған әлеуметтік наразылық еліміздің тарихына қаңтардың қанды қырғын болып кірді. Іргеміз шайқалып барып, Тоқаевтың арқасында тоқтады. Басы мәдени үлгімен басталған наразылық шеруінің ақырын қанқұйлы топтар мен арамойлы мүдделер пайдаланды. Ежелден белгілі ескі айла – «айран ішкен құтылып, табақ жалаған тұтыладыға» әкелді. Осыны ойлағанда, жүрегім қан жылады. Қазақ елінің басында бұрын болмаған қақтығыс! Қақтығыс емес, кәдімгі жүгенсіздік пен тәртіпсіздіктің көшедегі қырғын соғысы. Ұлт пен ұрпақтың ақыл мен мәдениетінің деңгейін танытар соғыс!» деппін күнделігімде. Түнгі сағат 3-те күнделікке мынандай жазба түсіпті. «Ел өміріндегі аса ауыр жағдай болды. Болмауы керек еді – болды! Болдырмауымыз керек еді – болдырдық! Әзірге адам өлімі бар ма, жоқ па белгісіз.Алматының бас алаңында адам шошырлық ауыр қырғын болды. Президент елдегі жүгенсіздікпен бетпебет келді. Маңғыстау облысы мен Алматы қаласында төтенше жағдай жарияланды. Бірден-бір дұрыс шешім. Ел үшін маңызды аса ұстамды ұлт басшысының сөзі айтылды. Менің есіме Б.Момышұлының «тәртіпке бағыну құл болу емес» дейтін сөзі түсіп отыр. Қаланы қалың тұман басты. Түнімен ұйқы көрмедім. Таңғы 5.30-да көз ілдім. 7.30-да Еркебұлан келді. Ұлым ұйқы көрмей шаршап келді. Үй де, түз де тынышсыз...»

– Аспанды бұлт торламай тұрғанда, адамның бәрі батыр ғой, сол қалың тұман басқан қаралы қаңтарда зиялыларымыздың көпшілігі бұғып қалатын әдетіне басып, дыбысы шықпай қалғанын көзіміз тағы көрді. Қыл үстінде тұрған қазақ елінің тағдыры туралы пікір сұрағанымызда, әліптің артын баққандардан қырық түрлі сылтау естіп, інге кіріп алғандардан бір ауыз сөз суырып ала алмадық. Жұрт не істерін білмей, әрі-сәрі күй кешкен сол мазасыз күндері ақпарат құралдары арқылы сіз пікіріңізді ашық білдірдіңіз...

– Рас, 5 қаңтар күні Қазақпарат, Baq.kz сайтынан тілшілер хабарласты, екі рет өз ойымды мәлімдедім. Түнімен дүркіреп, ұлы қалаға майқан салған тентектерімізді, бұзақыларымызды ақылға шақыруға ұмтылдым. Шынында да күллі Қазақстанды аяғына тұрғызып, шындық іздегені бар, адасқаны бар, мың-мың қаралы жігіттерді – қандастарымызды ақылға шақыруға тырыстық. Қаралы күндері қабырғам қайысып отырып ақпарат құралдары («ҚазИнформ») арқылы білдірген ойым мынау еді:

«Бізде бір ғана Отан бар. Ол – қазақ елі. Қазақ елінің басына талай ауыртпалық түскен. Біз тәуелсіздіктің қадірін білетін, елдіктің аманатын арқалаған ұрпақпыз. Жалғыз Отанымыздың басына аса ауыр сынақ түсті. Бұл сыннан аман өту үшін, Отанымызды сақтау үшін халық өзі сайлаған Президентінің шешімін қабылдап, қолдауы керек! Жағдай ауыр. Халықтың түсінгені абзал. Дәл осы шешім болмаған жағдайда біздің қандай күнде боларымыз белгісіз. Бір сәтте, күллі Қазақстанның ұлы байтағына, облыстардағы стратегиялық нысандар тұрған жердің бәріне лап берген лаңкестік пен басбұзарлықты, жоспарлы түрде мемлекеттік тұтастығымызға жасалған шабуылды қайтару үшін Қасым-Жомарт Кемелұлы тағдыршешті шешімге барды. Дұрыс деп есептеймін. Сонымен қатар ҰҚКҰ елдерге өз көмегін ұсынатын ұйым, ендеше осындай ұйымның келіп қадағалап отыруы және сес болып сырттағы күштерге қабілетін танытуы біздің тәуелсіздігімізге ешқандай да көлеңкесін түсіре қоймайды деп ойлаймын. Сондықтан осындай сын сағатта әлемдік деңгейге көтерілген, ойлау жүйесі аналитикалық пайымдау мектебінен өткен, батыстың да, шығыстың да жағдайын жақсы білетін Президентіміздің төңірегіне шоғырлану аса маңызды. Ол – үлкен саясаткер, қайраткер тұлға. Бұл өз кезегінде ұлт пен ұрпақ үшін, мемлекетіміздің тұтастығын сақтау үшін керек! Дәл осы сәтте лаңкес, бұзақылардың беті қайтқанымен, оның арғы жағында сол жолға салғандардың беті мен жоспары қайта қойды деу мүмкін емес. «Иә... Адасқан жастарымыздың тағдыры қиын болатын, арқамызды аяз қарып отыр... Амал жоқ... Басты мақсат – ел тұтастығы мен тыныштығы! Қалпымызға келетін болсақ, бесікте жатқан сәбидің болашағы тыныш болады. Елдің болашағы үшін тұтас халық болып, ақылмен, парасатпен бірігуіміз керек деп есептеймін. Бұл – елдігіміз үшін мемлекеттік тұтастығымыз үшін керек» деген сөздер айтыппын осы күндерде *(06.01.2022 ж.)*

Сол сөздерді әлі де қайталауға бармын. Бірақ қаңтар қасыретінің қайталанбағанын Алладан тілеймін!

Содан бері бес айдан астам уақыт өтті. Қаңтар қырғынына баға берілді. Оқиғаның көлеңкелі тұстары тергеліп, тексерілуде. Еліміз қалыпты жағдайға көшкенімен... Айналамыз мазасыз. Әлем тынышсыз... Жойқын күштер қасиетті қара жерімізің төрт қиырын теңселтіп, ырғап бағуда. Әлемнің тепе-теңдігін сақтау қиынға соға бастады. Еліміздің бағыты мен бағдары анықталды. Референдум өтті. Халық ел өміріндегі өзгерісті қолдайтынын ашық айтты. Сол өзгеріс өрісімізді кеңейтіп, Жаңа Қазақстанның жолының кең ашылуын тілейік! Соған бір адамдай жұмылып, әр сөзіміз бен әр ісімізді Ел тұтастығына бағыштайық!

«Жауыңды басыңдырма, халқыңды ашындырма!» дейтін ұлы Тоныкөктің құдыретті сөзі әркез төрімізден көрінсін! – деген тілекпен сұхбатты аяқтағым келеді.

– Рахмет!

Сұхбаттасқан:
Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ
Egemen.kz

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КУРБАН АЙТ

ВЕРХОВНЫЙ МУФТИЙ ПОЗДРАВИЛ КАЗАХСТАНЦЕВ

Председатель духовного управления мусульман Казахстана, верховный муфтий Наурызбай кажы Таганулы поздравил казахстанцев с праздником Курбан айт, передает ИА «NewTimes.kz».

«Уважаемые верующие! Поздравляю Вас с наступлением великого праздника всей мусульманской уммы – Курбан айт! Пусть будет благословенным Курбан айт! Желаю Вам здоровья и благополучия, единства и согласия!» – сказал Верховный муфтий Наурызбай кажы Таганулы.

Курбан айт – это праздник, который подразумевает собой проявления истинных намерений и любовь ко Всевышнему. В этом заключается воспитательный смысл и значимость этого священного праздника. В Священном Коране сказано: «Ни мясо, ни кровь их не доходят до Аллаха. До Него доходит лишь ваша богобоязненность» (сура «Хадж», аят 37). Как упоминается в данном аяте, человек который намеревается творить добро на пути Всевышнего Творца, совершает это дело с бескорыстным намерением.

«Совершая жертвоприношение, мусульманин благодарит Всевышнего за все дарованные блага. Каждый мусульманин раздает часть своего пропитания тем, кто нуждается в помощи, тем самым получает их благодарность и довольство. Ведь наш Пророк Мухаммад (да благословит его Аллах и приветствует) сказал: «Самое угодное Всевышнему после обязательных предписаний – это доставить радость сердцу мусульманина», – добавил Наурызбай кажы Таганулы.

Ранее президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев поздравил граждан со священным для мусульман праздником Курбан айт.

ГСМ

ПЕРЕСМАТРИВАЮТ ПРЕДЕЛЬНЫЕ ЦЕНЫ НА БЕНЗИН

МИНИСТЕРСТВО ЭНЕРГЕТИКИ ПОДГОТОВИЛО ИЗМЕНЕНИЯ В ПРИКАЗ «ОБ УСТАНОВЛЕНИИ ПРЕДЕЛЬНЫХ ЦЕН НА РОЗНИЧНУЮ РЕАЛИЗАЦИЮ НЕФТЕПРОДУКТОВ, НА КОТОРЫЕ УСТАНОВЛЕНО ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ЦЕН». ПРОЕКТ ДОКУМЕНТА НАХОДИТСЯ НА РЕГИСТРАЦИЮ В МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ, СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ ЦЕНТРА ДЕЛОВОЙ ИНФОРМАЦИИ KAPITAL.KZ.

Минэнерго планирует исключить из списка нефтепродуктов, на которые сейчас распространяется госрегулирование предельных цен, бензин марки АИ-95.

«Стоимость автобензина АИ-95 не предполагается регулировать из-за более высоких расходов на его производство с использованием дорогих импортных присадок и высокооктановых компонентов», – пояснил Талгат Макуов, начальник Управления переработки нефти и производства нефтепродуктов Министерства энергетики РК.

Кроме этого, Минэнерго запланировало увеличить цену в Костанайской и Северо-Казахстанской областях на бензин марки Аи-92 и Аи-93 со 182 до 187 тенге за литр. Для остальных областей, а также в Нур-Султане, Алматы и Шымкенте цена останется на прежнем уровне – 182 тенге за литр. Без изменений остается цена за литр бензина марки Аи-80 – 89 тенге. Цены включают НДС.

Рост цен в северных областях в Минэнерго объяснили более высоким уровнем операционных (логистических) затрат из-за удаленности розничных компаний-трейдеров от нефтеперерабатывающих заводов.

Согласно проекту приказа, цена на дизельное топливо (летнее, межсезонное): в Акмолинской, Актюбинской, Восточно-Казахстанской, Западно-Казахстанской, Костанайской, Северо-Казахстанской областях, а также в области Абай составит 260 тенге за литр; в Нур-Султане, Алматы, Шымкенте, в Алматинской, Атырауской, Жамбылской, Карагандинской, Кызылординской, Павлодарской, Туркестанской, Мангистауской областях, а также в областях Жетысу, Ұлытау – 230 тенге за литр. Указанные цены будут действовать до конца года.

Производство нефтепродуктов в Казахстане по итогам 2021 года составило 12,7 млн. тонн – сообщили в Минэнерго. Из основных видов нефтепродуктов: производство бензина – 4,8 млн. тонн, дизельного топлива – 4,9 млн. тонн, мазута – 2,4 млн. тонн и авиакеросина – 586 тыс. тонн.

ПОЖАР

СОЖГЛА ДОМ СОСЕДКИ ИЗ-ЗА РЕВНОСТИ К СОЖИТЕЛЮ

Женщина подожгла дом дважды, едва не погубив целую семью, передает телеканал КТК.

В Павлодаре жительница пригорода спалила дом односельчанки из-за ревности. Она увидела своего сожителя в компании соседки – матери двоих детей – и решила отомстить.

41-летняя Ольга Пархоменко с двумя детьми и бабушкой едва не сгорели заживо.

«Произошел у меня конфликт с Татьяной. Я прошлась с ее сожителем какую-то часть пути, мы разошлись, с магазина мы шли. На следующее утро Татьяна подходит – и с угрозами, что «не ревную, дом сожгу». Мы с ней обговорили все и разошлись, рассказывает Ольга Пархоменко.

Однако виновница пожара решила иначе и подожгла дом дважды за одну ночь. Первый пожар удалось потушить самостоятельно, но вторым боролись спасатели.

Сгоревший дом Ольги восстановлению не подлежит. Сейчас она с двумя сыновьями и бабушкой ютится у родственников. Сгорели бытовая техника, одежда и мебель, спасти удалось лишь документы. По факту поджога полицейские завели дело.

«По факту возгорания дома в селе Павлодарское, по улице Садовая, проводится досудебное расследование по статье 204 Уголовного кодекса Республики Казахстан. В отношении подозреваемой избрана мера пресечения «обязательство о явке», – сообщила сотрудница пресс-службы ДП Павлодарской области Алма Мусабекова.

Подозреваемой грозит арест на 20 суток или общественные работы. На усмотрение суда наказание могут заменить штрафом почти в четверть миллиона тенге. Но на эти деньги, сетуют погорельцы, новый дом не построишь.

Сама потерпевшая с выводами полицейских не согласилась. Она требует изменить статью «Неосторожное уничтожение или повреждение чужого имущества» на более тяжкую – «Покушение на убийство». Женщина уже написала заявление в прокуратуру.

КРАЖА

ПРОХОЖЕГО ОГРАБИЛИ И ВЫБИЛИ ЕМУ ЗУБЫ

Астанчанин лишился зубов и телефона после нападения грабителя на улице в Нур-Султане, передаёт BaigeNews.kz.



18-летний парень сообщил в полицию о нападении на него неизвестного, который отобрал сотовый телефон.

«Установлено, что в ночное время около 23:00 молодой человек шёл по улице Есенберлина и разговаривал по сотовому телефону. В это время к нему подошел подозреваемый и попросил позвонить. На его просьбу парень ответил отказом. В ответ злоумышленник ударил его в челюсть, выбив четыре зуба, забрал телефон стоимостью 100 тысяч тенге и сбежал», – рассказали в полиции.

Грабителя задержали по «горячим следам». Им оказался 34-летний мужчина, ранее судимый за кражу.

В настоящее время по факту грабежа проводится досудебное расследование. Проверяется причастность задержанного к другим аналогичным преступлениям, совершённым на территории столицы. Подозреваемый водворён в изолятор временного содержания ДП Нур-Султана.

Бейсенбі - Четверг, 21 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.50 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, 02.20 «Теледәрігер»
07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 01.20 AQPARAT
08.00 «Көңіл толқыны»
09.10 «Сақшы Арыстан»
10.10, 18.10 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 20.30 «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен»
14.00, 01.50 «Жан жылуы»
14.35, 03.20 «Ауылдастар»
15.05 «Күміс көмей»
16.00 «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Сақшы Арыстан»
21.30 «Өмір ызғары»
22.30 «1001 түн»
23.40 «Qazaqstan дауысы»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00, 16.00 Телесериал
07.00 «Оян!»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Тайталас»
15.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туынды тарихы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-2»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20 «Қорғансыз ханшайым»
13.30, 02.00 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «103»
15.10 Сериал «Громовы»
16.00, 01.00 «Вопреки всему»
17.00 «Сырты бүтін»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30 «Ене»
19.25 «Диназаур»
20.00, 02.40 «Astana Times»
20.30 Т/х «Қорықшы»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
23.50 Т/х «Чосонның жаңа күні»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
07.00, 22.20 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 «Миссия аметист»
13.10 «Роман с детективом»
14.10 НОВОСТИ
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 «QOSLIKE»
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные Новости
20.35, 23.20 Сериал «Реализация»
01.45 «Воскресенский»
02.45 «Новости»
02.55 «Жаңалықтар»
03.05 «Паутина»
03.50 «Басты жаңалықтар»
04.15 «Тамаша City»
05.00 «Той заказ»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Ктк қоржынынан»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.20 «AQ MAMA»
09.25 «Одиночка»
11.15 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
13.00, 21.30 «Никогда не бывает поздно»
15.00 «Көріпкел»
15.50 Т/х «САОДАТ»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
01.30 «Меч»
02.10 «САОДАТ»
03.25 «Көріпкел»
04.00-04.30 «Ктк қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Жетысуская область)
11.00 «Бүгін»
11.30 «Мамандық маңызы»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 «Қасиетті Қонаев»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 02.40 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30, 00.10 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.30 Сериал «Отель Элеон» (повтор)
12.30 «Отель Элеон»
13.40 Х/ф «Легион»
15.50 Х/ф «Бесстрашная гиена»
18.00 Х/ф «Бесстрашная гиена-2»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Начни сначала»
01.10 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Bala batlle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
06.50 «Арам ақша, адал махаббат»
07.50, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 23.20 «Шоу маска»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 Сериал «Гадалка»
16.30 «Герой по вызову»
17.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
02.00 «Психологини»
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 22 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 01.50 «Теледәрігер»
07.30, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.20 «Ақпарат»
08.00 «Көңіл толқыны»
09.10, 17.15 Мультхикая «Сақшы арыстан»
10.10, 18.00 Телехикая «Гүлдер құпиясы»
12.00,20.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен…»
14.00, 02.50 Деректі фильм «Тұлға»
14.40, 03.20 «Ауылдастар»
15.10 «Күміс көмей»
16.00 Т/х «Бақытсыздар бағы»
21.30 Т/х «Өмір ызғары»
22.30 «Әзіл әлемі»
23.40 «Қазақстан дауысы»

ХАБАР

05.00, 16.00 Телесериал «В шаге от рая»
07.00 «Оян!»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Тайталас»
15.00 «Тарих.Тағдыр.Тұлға»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 Т/х «Чосонның жаңа күні»
13.30, 02.00 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «103»
15.10 Сериал «Громовы»
16.00, 01.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Сырты бүтін»
17.35 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
18.30 Т/х «Ене»
19.25Т/х «Диназаур»
20.00, 02.40 «Астана таймс»
20.30 Т/х «Қорықшы»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
02.00 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Тамаша сити»
07.00,22.20, 03.15 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 Сериал «Миссия «Аметист»
13.10 Сериал «Роман с детективом»
14.10, 02.55 «Новости»
14.20, 03.05 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 04.45 Басты жаңалықтар
19.00, 20.40 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35, 23.20 Сериал «Статья 105»
02.00 Сериал «Воскресенский»
05.10 «Той заказ»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.20 реалити шоу «Ақ мама»
09.25 детектив «Одиночка»
11.15 «Морские дьяволы.Рубежи родины» криминальный детектив
13.00 Мелодрама «Никогда не бывает поздно»
15.00, 03.15 «Көріпкел»
15.50, 01.50 Т/х «Саодат»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30, 03.50 Кешкі жаңалықтар
20.00 «KTKweb»
21.00 Вечерние новости
21.30 Мелодрама «Артистка»
01.00 Криминальный детектив «Меч»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Жетысуская область)
11.00 «Сегодня»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Бүгін» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 «AgroLife»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 « Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.20, 20.00 «Информбюро»
08.20 «Көмектесейік»
08.30, 00.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
09.30, 21.00 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.30, 12.30 Сериал «Отель «Элеон»
13.40 Кино «Начни сначала»
15.50 Х/ф «Бесстрашная гиена-2»
18.00 Х/ф «Лорд-дракон»
21.55 Х/ф «Обитель зла»
01.00 Сериал «Базарбаевтар»
01.40 «1001 әзіл»
02.00 «31 әзіл»
04.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30, 02.30 «Оян, Қазақстан!»
06.50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
07.50, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 23.20 «Маска»
11.00, 19.30 Телесериал «Балабол»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 Сериал «ГАДАЛКА»
16.30 Сериал «Герой по вызову»
17.30 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
02.00 Сериал «Психологини»
03.00 «Тамаша»
04.00 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Сенбі - Суббота, 23 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.30, 01.25 «Теледәрігер»
07.30 Ақпарат
08. 00, 02.15 «Дәуір даналары» деректі фильмі
09.10, 00.30 «Көңіл толқыны»
09.00 Мультхикая
10.00, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.10, 23.30 «Qazaqstan дауысы».Балалар
14.30 Т/х «Тәшенов.Тайталас»
20.00 Анимациялық фильм
22.00 Телехикая «Өмір ызғары»
23.00 К/ф «Өруақ»
03.05«Ауылдастар»

ХАБАР

05.00, 16.00 Телесериал «В шаге от рая
07.00 Телехикая «Өз үйім-2»
09.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
10.00 «Таңғы fresh»
10.30 «Ән әлемі»
11.00 Кино «Балуан Шолақ
12.45 Т/х «Келінжан-2»
18.00 Мегахит
20.00 «Айтыстар»
22.00 Концерт «Жезкиік»
23.30 Т/х «Тайталас»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20 «Шаншар»
15.10 Сериал «Громовы»
18.50 Каникулы «OFF-LINE-2»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
23.35 Х/ф «Жау жүрек мың бала»
01.30 Т/х «Қағаз кеме»
02.10 «Azil Keshi»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Той БАЗАР»
07.35, 05.05 «Той ЗАКАЗ»
08.05, 02.50 «П@утина»
09.00 Сериал «Спросите медсестру»
13.15 Х/ф «Спешите любить»
15.00 Қослайк»
18.25 «Әкемізге қалыңдық»
19.40 «Дастархан»
21.00 «Поле чудес»
22.15 Сериал «Парфюмерша-2»
02.15 «Жить здорово»

КТК

07.05Т/х«Үлкен үй»
07.40 «Біздің концерт»
08.30, 03.45 «Қарапайым-ханшайым»
09.20 «Юморина»
11.20 Мелодрама «Артистка»
15.00, 02.20 Т/х «Аталар сөзі»
18.00 «Озат отбасы»
19.00 Концерт «Қазақ қызға үйленем»
21.00 Мелодрама «Случайных встреч не бывает»
01.00 Мелодрама «Игра. Реванш»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Жетысуская область)
11.00 «Бүгін»
11.30 «AgroLife»
11.50 Инфо-блок
12.00 Д/ф «Джеки Чан»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Русалочка» ертегісі
14.30 «Бір туған» телехикаясы
15.30 «Қазақ үні»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00, 01.20, 05.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
12.00 Кино «Күйеу берсең, құш бер»
14.10 М/ф «Три богатыря и Шамаханская царица»
16.00 Кино «Замуж в 30»
18.10 Х/ф «Новая полицейская история»
20.40 Х/ф «Неудержимые»
22.40 «Bizdin show»
00.40, 05.30 «What's up?»
02.30 «Тамаша лайв»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.20 «Регина+1»
07.20, 02.30 «Сәлем, Қазақстан!»
09.00 Сериал «Моя идеальная мама»
13.00 «Моя игра» реалити шоу
13.30 «Ән салшы, Роза!»
16.10 Т/х «Тақиясыз періште»
18.40 Шоу «Удивительные люди»
21.00 Х/ф «Падение олимпа»
23.15 Шоу «Маска»
04.00 Т/х «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 24 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.25 «Жәдігер»
06.30, 01.25 «Теледәрігер»
07.30, 02.15 «Зинһар»
08.05 «Сағындырған әндер-ай»
10.00,18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Қазақстан дауысы». Балалар
12.50 Мультфильм
14.00 К/ф «Өруақ»
15.30, 23.00 Концерт
17.25 «Әйел әлемі»
19.50 «Әзіл әлемі»
22.00 Т/х «Өмір ызғары»
00.40 «Күй-керуен»
01.05 «Мұра»
03.00 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00, 16.00 Телесериал
07.00 Т/х «Өз үйім-2»
09.00 Бокс
11.00 Кино «Балуан Шолақ»
12.45 Т/х «Келінжан-2»
18.00 Мегахит
20.00 «Айтыстар»
22.00 «Тарих.Тағдыр.Тұлға»
23.00 Т/х «Тайталас»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.30, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20 «Алдараспан»
16.00 Сериал «103»
17.40 Х/ф «Брат или брак»
19.50, 01.35 Т/х «Тик-ток хаус»
21.00 «Жылама, ана» телехикаясы
23.35 Х/ф «Канимкулы Офф-лайн-2»
02.30 «Әзіл кеші»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.30 «Той базар»
07.35, 05.00 «Той заказ»
08.05, 02.45 «П@ytina»
09.00 «Воскресные беседы»
09.15 Сериал «Спросите медсестру»
13.20 «Пусть говорят»
15.00 «Қослайк»
18.25 «Әкемізге қалыңдық»
19.40 «Дастархан»
21.00 Х/ф «Парфюмерша-3»
01.10 «Две звезды.Отцы и дети»

КТК

07.05 «Сен де, мен де»
08.30, 03.50 «Қарапайым-ханшайым»
09.20 «Юморина»
11.20 Мелодрама «Случайных встреч не бывает»
15.00, 02.20 Т/х «Аталар сөзі»
18.00 «Озат отбасы»
19.00 Концерт
21.00 Мелодрама «Гроза над тихоречьем»
00.50 Меклодрама «Игра. Реванш»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Жетысуская область)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Блинки Билл»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «QR.kz»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әдебиет пен адамзат»
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Құйынды мекен» телехикаясы

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00, 03.00 «Тамаша live»
08.00, 05.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 «Ералаш»
10.30 М/ф «Маша и медведь»
11.00 М/ф «Три богатыря и Шамаханская царица»
12.50 Кино «Замуж в 30»
15.00 Х/ф «Новая полицейская история»
17.50 Х/ф «Неудержимые-2»
21.50 «Алдараспан»
00.40 Кино «Күйеу берсең, құш бер»
02.10, 05.30 «What`s up?»
03.00 «Әзілдер күнделігі»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30 «Регина+1»
07.00, 02.40 «Табиғатым махаббатым»
09.00, 00.50 Шоу «Музыкальная интуиция»
10.40 Х/ф «Падение олимпа»
13.00 «Моя игра» реалити шоу
13.30 «Өмірімнің көктемі»
16.00 «Тақиясыз періште»
18.30 Шоу «Один в один»
21.00 Сериал «Забытая женщина»
04.30 Т/х «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

ОРТАҚ МҮЛІКТІ БӨЛУ ОҢАЙҒА СОҚПАЙДЫ

Отбасы – шағын мемлекет десек, оған қатысты түйткілді мәселенің барлығы бүгінде сот арқылы шешілуде. Ерлі-зайыптылар сотта мінездерінің жараспауын, түсініктіктің жоқтығын алға тартады. Оның үстіне неке бұзылғанша ерлі-зайыптылардың жинаптерген ортақ мүлкі ортада мүлік бөлінісі дауларын туғызып жататыны тағы бар.

Дау туған жағдайда ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу, мүліктегі үлестерін айқындау мәселесі медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен жүргізіледі. Олардың мүліктік құқықтары мен міндеттері туралы айтатын болсақ, некеде тұрған кезінде жинаған мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезінде жинаған мүлкіне олардың әрқайсысының еңбек, кәсіпкерлік қызметтен және зияткерлік қызмет нәтижелерінен түскен табыс сомалары, ортақ табыс сомалары есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, бағалы қағаздар, пайлар, салымдар, кредиттік ұйымдарға немесе өзге де ұйымдарға салынған капиталдағы үлестер және ерлі-зайыптылар неке кезеңінде жинаған басқа да кез келген мүлік олардың ортақ мүлкі болып табылады. Тағы бір айта кететін жайт, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне құқық белгілеу кезінде некеде тұрған кезеңінде үй шаруашылығын жүргізген, балаларды бағып-күтуді жүзеге асырған немесе басқа да дәлелді себептермен жеке табысы болмаған жұбайға да үлес тиесілі болады. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде сот кәмелетке толмаған баланың мүдделерін ескере отырып, талап ету бойынша олардың әрқайсысына қандай мүліктің берілетінін айқындайды. Егер олардың біреуіне құны оған тиесілі үлестен асатын мүлік берілсе, екінші жұбайға тиісті ақшалай немесе өзге өтемақы алынады. Ал кәмелетке толмаған балалардың қажеттерін қанағаттандыру үшін сатып алынған заттар (киім-кешек, аяқ киім, мектеп және спорт керек-жарағы, музыкалық аспаптар, балалар кітапханасы және басқалары) бөлуге жатпайды және балалары өзімен бірге тұратын жұбайға өтемақысыз беріледі.

Ата-бабаларымыз өзінің некелі әйелі тұрмақ, жесірін қаңғытпай, жетімін жылатпаған. Бірақ біз қазір мұның бәріне өткеннің ертегісі секілді қараймыз.

Қорыта айтқанда, отбасының бүтіндігіне жететін бақыт жоқ екендігін ерлі-зайыптылар ажырасуға бармай тұрып түсінгенге не жетсін?!

М. ДАУРЕМБАЕВА,
Көксу аудандық сотының жетекші маманы.

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІНДЕГІ МЕДИАЦИЯ

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңы 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданды. Жалпы, біздің халық дау, сот деген дүниелерден алшақ жүруге тырысып, басын дауға қалдырмауға тырысқан ғой. Ал егер қоғамдық қатынастарда белгілі бір даулар туындап жатса оны ресми соттың алдына бармай-ақ, ел ағаларына, қоғамдағы беделді ақсақалдардың алдына барып шешіп алатын болғаны да құпия емес.

Сайып келгенде, медиация ұғымы қоғамымыздағы қатардағы жұртқа қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ бұл ата-бабамыздың салтында, дәстүрінде болған институт. Қабылданған заң шеңберінде жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдануды қылмыстық заңнамамен реттеу мәселесіне келсек, қылмыстық құқықтағы медиация медиаторлармен қолданылатын арнайы әдістер жиынтығын реттейді. Қылмыстық кодекстің 68-бапта татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату белгісі бекітілді. Қылмыстық кодекстің 68-бабына сай онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам келтірілген зиянды қалпына келтіріп, жәбірленушімен татуласса қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиацияны қолданудың ережелері адам өлімімен, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.

Сот міндетіне тек заңмен бекітілген 68-бап талаптарын түсіндіру кіреді, сот ешкімді мәжбүрлеп, жүктемейді. Ал медиатор сот төрелігін іске асырумен байланысты емес бейтарап тұлға ретінде сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына жағдай жасайды. Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады.

Айта кету керек, медиация институтын азаматтық сот ісін жүргізумен қатар, қылмыстық істерді қарау барысында қолдану Қазақстанда медиацияның дамуына, әрі бірегей құқық қолдану практикасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында медиация тәсілін қолдануды қылмыстық процессуалдық заңында белгіленген сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс екені көзделген.

Асқар БЕЙІМБЕТОВ,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданарлық сотының судьясы.

ҚАЗЫНА

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ АЙТУДА ДА, ЖАЗУДА ДА КЕМШІН ЖОҚ. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТ БІРЛІГІ» ДОКТРИНАСЫ СОНЫҢ ЖАРҚЫН ДӘЛЕЛІ. ОНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕҢГЕРУ БҰДАН БЫЛАЙ «... ӘРКІМНІҢ ПАРЫЗЫ МЕН МІНДЕТІ» ДЕП АТАП КӨРСЕТІЛГЕН. СОНДЫҚТАН, ҚАЗАҚ ТІЛІ ӨЗІНЕ ЛАЙЫҚТЫ ТҰҒЫРЫНА САЙ ҚОЛДАНЫЛУЫ ҮШІН БИЛІК ПЕН БҰҚАРА ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ЖҰМЫС ЖАСАУЫ ТИІС.

Осы маңызды мәселені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Мәселен, сот жүйесіндегі тіл мәселесіне келетін болсақ, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Өйткені сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Ал өкінішке орай, сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісінің тілі туралы қағидаттың сақталмауына байланысты бір-қатар кемшіліктерге жол беріліп келе жатқаны құпия емес. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жәбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз кездеспейді. Сондықтан іс сотқа келіп түскенде, кейде жәбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отырған жағдайларды көп кездестіреміз. Бұған қоса қорғаушылар тарапынан да өздерін қорғауындағы адамдарды өздерінің айтқандарына көндіріп, айдағандарына жүргізуге тырысатынын да кездестіріп жатамыз. Оны әсіресе, процестер кезінде анықтап жатамыз. Демек, мұндай кемшіліктерді түзетіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырмыз келсе, бірінші кезекте қарапайым халықтың құқықтық сауатын ашуымыз қажет. Олар өздерінің конституциялық құқықтарын сотқа меңгерген тілінде, ана тілінде арыз беруіне, жауап беруіне құқығы бар екенін бастапқы тергеу амалдары кезінде толық пайдаланып, заңның бұрмалануына жол бермейтіндей дәрежеге жеткізу керек. Осылайша, кемшілікке кеңшілік бермей, осы мәселені дұрыс жолға қоятын болсақ, сотта ана тілімізде қаралатын істер саны анағұрлым арта түсері анық.

Марлен КІРҚАБАҚОВ,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ ТАМЫР ШІРІГІ АУРУЫ

Қант қызылшасы және оның әртүрлі ауа райы жағдайларынан басқада факторлар әсерінен туындайтын аурулары жайлы тақырыптар көп қозғалуда, оның үлкен бір себебі қант қызылшасының ауыл шаруашылығы дақылдарының ішінде алатын орны ерекше.

Қант қызылшасының өнімділігімен қанттылығының төмендемеуі және оның саны мен сапасы біз үшін өте маңызды болғандықтан қант қызылшасының ауруларына мезгілдік мониторинг жұмыстарын жүйелі түрде жүргізудеміз. Қызылшаны бағалы етіп, құнын арттырып отырған оның қанттылығы болғандықтан тамыр шірігі кеселінің тақырыбын фитопатолог маманы ретінде қозғап отырмын. Көктемгі мезгілде қызылшаның жас өскіндерінің тамыр жегіне бақылау жұмыстары жүргізіледі. Ауру өсімдіктің өскіні көрінгеннен бастап екінші қос жапырағы шыққанға дейін залалдайды. Өскіннің ұшында дақтар пайда болып, қарая бастайды. Дақтар ұлғая келе қосылып, тамырша түгел қараяды. Ауру өсімдіктер нашар дамып, жансызданып қурайды. Күз мезгілінде тамыр шірігі ауруына жүйелі бақылау жұмыстары жүргізіледі. Залалданудың бастапқы кезінде тамыр жемісте аурудың сыртқы белгісі көрінбейді. Тамыр жеміс кейін шіріп, ішкі ұлпалары талшықтанып бұзылады, түзілген қуыстар ақшыл, қызыл жіпшумақпен толады. Көбінесе тамыр жемістің төменгі жіңішке бөлігі ауруға шалдығады. Залалданған өсімдіктің жапырағы солып, сабағы қараяды. Құрғақ ыстық ауа райы ауруға қолайлы жағдай туғызады. Себебі қызылшаның топырақ бетінде жақын орналасқан қосымша тамырлары қурап, сол жерден қоздырғыштар әлсіреген өсімдікке оңай енеді. Кесел тамыр жемістердің өнім түсімін азайтып, қант қызылшаның қанттылығын айтарлықтай төмендетеді.

Қорғаныс шаралары – агротехникалық жұмыстарды дұрыс жүргізу, ауыспалы егіс мерзімін сақтау, егістікті өсімдік қалдықтарынан мұқият тазартып отыру, ауруға төзімді сорттарды, тұқымдарды пайдалану. Аурудың алғашқы белгілері байқалғанда Қазақстан Республикасында рұқсат етілген саңырауқұлақ ауруларына қарсы химиялық препараттармен яғни фунгицидтермен дәрілеу қажет.

Г.Ж. ЖАНАДИЛОВА,
ҚР АШМ АӨК МИК «РФД және БӘО» РММ Ескелді аудан филиалының фитопатологі.

ЭКОЛОГИЯ

Орман өрті – абайсыз жағылған оттан немесе өшірілмеген шоқтан, кейде найзағайдан пайда болатын тілсіз жау. Ол көбінесе құрғақшылық кезеңдерінде, ерте көктемде және күзде болады. Өрттің шығуы – қалдықтарды өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды.

ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Орманда болған өрт ондағы ағаштардың азаюымен қатар, оның өсуін де нашарлатады. Жалын неғұрлым шарпыған сайын ағаш та қурай береді. Онан кейін дауыл тұрып, жел соқса тез сынғыш келеді. Қандай да бір салғырттықтан, табиғат апаттарынан болған өрт жер бетін шарпығанда бұта, жапырақ, ағаштың жасыл өркендері, барлығына дерлік зақым келеді. Оттың қызуы қатты болғаны соншалық 400-900 градусқа жетеді, ал жалын 0,5-1 метрге көтерілу қаупі бар. Мамандардың айтуынша, өрт сағатына 0,25-5 километр жылдамдықпен таралады екен. Орман өртін сөндіру үшін көбіне табиғи кедергілер – өзен, жыра, батпақ, жол, арнайы жасалынған орман аралық ағашсыз жолақтар пайдаланылады. Кейде қарсы от салып та тоқтатылады. Ал күшті өртке қарсы тікұшақтар мен ұшақтар арқылы жоғарыдан су, химикаттар шашады. Орман өрттері бір басталса үлкен жылдамдықпен тарайды және жердің орасан аумағын өртеп жіберуі мүмкін.

Орман-тоғайдан шығатын апаттардың өзі үш топқа бөлінеді: төселе өртейтін өрттер, шарпи және дауылды өртейтін өрттер.

Төселе өртейтін өрт – бұл топырақ өрті деп те аталады. Яғни, орман төсенішін, жер бетіндегі, топырақ үстіндегі тірі организмдерді, орман маңындағы алаңдарды жалмайтын өртті айтамыз. Мұндай өрттер құнарлы заттарды жойып жібереді. Және экологиялық жүйеге залал келтіреді.

Шарпи өртейтін өрт – ең қауіпті өрттің бірі болып саналады. Оған мұндай атау ағаштың үстімен жүріп өтетіндіктен, яғни ағаш бұталары мен жапырақтарын жалмайтын болғандықтан берілген. Шарпыған өрттердің сумандаған жалыны ұзын болады. Сондықтан тосқауылдардан, жолдар мен өзендерден оңай өтіп кетеді.

Дауылды өрттер – күшті жел мен от ұшқындары жанған бұталарды алыс жерге алып кетіп, жаңа өрт ошақтарын туғызады. Кейде осындай өрт ошақтары тұтаса келіп, ірі әрі үлкен қаулаған жалынға айналады.

Сондықтан орман өрттерінің алдын алу, оны болдырмауға бағытталған үгіт-насихат жұмыстары түрлі мекемелерде, халық арасында көптеп жүргізіліп, ескерту жасалынуы тиіс. Абайсызда шығатын апаттардан қаншама орындар, орман-тоғайлар зардап шегуде. Әрбір жан қауіпсіздік шараларын сақтайтын болса, халық байлығы орманды тілсіз жаудан аман сақтауға болады.

Жансерік КЕНЖЕҒҰЛОВ,
Текелі-Қора орман шаруашылығының орман күтушісі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘДЕНИ ШАРА

ҚАБЫЛИСА БАБАДАН ТӘБӘРІК

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ СҮЙІНБАЙ, ЖАМБЫЛ, КЕНЕН, АРЫСТАН, ҚҰЛМАМБЕТ, ҚЫПШАҚБАЙ СЫНДЫ ШАШАСЫНА ШАҢ ЖҰҚПАС, АЛЫП АҚЫНДАРЫНЫҢ ҚАЙ-ҚАЙСЫСЫ ДА ҚАБАН ЖЫРАУДЫҢ АҚЫНДЫҒЫНА ТӘНТІ БОЛЫП, ҰШҚЫР ДА ОЙЛЫ СӨЗІН ҒҰМЫР БОЙЫ ҚҰРМЕТТЕП, ҚАСТЕРЛЕП ӨТКЕН. СӨЗ ЖОҚ, ӨЗІНІҢ АҚЫНДЫҒЫМЕН, ЖЫРАУЛЫҒЫМЕН, ӘУЛИЕЛІГІМЕН АТАҒЫ АЛТЫ АЛАШҚА ШЫҚҚАН ЕРЕКШЕ АДАМ – ҚАБЫЛИСА АСАНҰЛЫ.

Атағы күллі қазаққа тараған, бізге жеткен еңбектері арқылы өзінің философиялық толғамдарға толы ақын екендігін, жігерлі жырларының қай заманда да үстем екендігін дәлелдеген жыраудың өмірі ертегі мен аңызға толы. Жампоз жыршының мұрасын зерттеп, оны насихаттау барысында жылға жуық дайындық жүргізілді. Соған орай жуырда «Aspan» баспасынан жарық көрген «ҚАБЫЛИСА. ҚАБАН ЖЫРАУ. ТАРАҚ ТАҢБАЛЫ ТАРЛАН» кітабы Ұлттық кітапханада таныстырылып, артынан ақын шығармашылығына арналған мүшәйра өтті. Ұйымдастырушылар осынау ғылыми-танымдық еңбекке үлес қосқан азаматтардың барлығына алғыс, ақжарма тілектерін білдірді. Сонымен қатар бірқатар автор «Қабан Жырау» медалі мен арнайы төсбелгіге ие болды.

Мүшәйраның мақсаты – Жампоз жыраудың ғұмыры мен шығармашылығын насихаттау, ұлы тұлғаның болмысы мен терең тағылымдарына тағзым ету, қазақ елінің тәуелсіздігі мен тұтастығын дәріптеу, ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру және рухани құндылықтарды ұлықтау болды. Сондай-ақ елдік пен ерлікті, рух пен руханиятты жыр арқауына айналдыру, қазіргі қазақ әдебиетіне қолдау көрсетіп, заманауи қазақ поэзиясының беделін арттыру.

Марапатқа ие болғандар арасында Жетісу облысынан қатысқан ақындар да бар. Атап айтсақ, Жұматай Әміреев, Сағыныш Намазшамова, Жангелді Немеребай.

– Екі айдай уақыт бұрын Есағам (Есболат Айдабосын) хабарласып, «ASPAN» баспасы жырау бабамыздан қалған мұраны зерттеп-зерделеген, оқып, оқырманмен ой бөліскен жазбаларды таңдап-таразылап «Тарақ таңбалы тарлан» атты кітап шығарып жатқанын айтып, «барыңыз болса, беріңіз» деп жол нұсқап жіберді. Сөйтсем баба аманатын мойнына алған курстасым Ержан (Алаштуған Алаштуған) екен. Індет кезінде үйде босқа жатпай жырау бабамның құнды мұрасына ден-деп еніп, дінді діңгек қылып, иманды жүрегімізге құйған шығармалары жайлы «АМАНАТ СӨЗ» айдарымен бес тақырыптан тұратын мақаламды сараптаудан өткенін алар деп ұсындым. Бесеуіне де кітаптан орын беріп, көз майымды бағалап, редакция алқасына енгізіпті. Кітаптың таныстырылымына арнайы барып, асыл бабамның атын асқақтатқан рухани шарадан бір тәбәрік алып қайттым деп білемін!, – деп жазды фб парақшасында ақын Жұматай Оспанұлы.

Өткен жылдан бері ақын Ержан Алаштуған мен Ардақ Тұрысбай осы бір үлкен істі қолға алып, зор еңбек атқарып келді. Міне, бүгінде сол еңбектің зейнетін көріп жатыр. Халыққа танылмаған, жетпеген, қалтарыста қалып қойған асыл мұралары таныстырылып, еске алып, жыраудың рухы шалқып, әруағы риза болған күн болды. Ұрпаққа берер ұлағаты мол, әдебиет пен өнерге қосар үлесі зор қыруар жұмыс атқарған ер-азаматтардың еңбегі зор. Мұндай ауқымды шараның алдағы уақытта да дәстүрлі жалғасын табатыны сөзсіз.

Арайлым НҰРЖАПАР

МАМАН МІНБЕРІ

ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Көздің жауын алар табиғат байлығы – орман. Қазақстанда жалпы жер көлемінің біршама бөлігін орман-тоғай алып жатыр.

Орманды жер шарының өкпесі деп те атайды. Алайда осындай көркем табиғатымызға, орман қорына үлкен залалын тигізетін орман өрттері туралы айтпай кетуге болмас. Орман өрттерінің туындауы – таралуы және өрбуі негізінен, ландшафтық, өсімдіктер мен ауа райына және басқа да шарттарға байланысты. Бұл шарттарды өрт сөндіруді мақсатқа сай ұйымдастыру, өрт сөндірушілер мен сөндіруге қатысушы өзге де адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін есепке алып отыру қажет.

Өрт қаупі маусымы кезінде жұмысқа қосымша орман күзетшілері алынып, қорық аумағына кіре берістегі бақылау-тексеру бекетінде тәулік бойына, ал орталық кеңседе демалыс және мейрам күндері кезекшілік ұйымдастырылады. Қорық күзет инспекторларының қажырлы еңбектерінің арқасында соңғы жылдары орман өрттері орын алған жоқ. Қызметкерлер өрттің алдын алу шараларының маңызына тоқталып, дайындық жұмыстарын жетілдіру туралы ойларын ортаға салып отырады. Кейде тау баурайындағы ағаштарға от қойылып, оларды тез өшіру тәсілдері іс жүзінде көрсетіледі. Мұнымен қоса, өртті сөндіру кезінде адам өмірін сақтау ережелерін дұрыс жолға қою мәселесі де назарға алынады.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар:

– сөндірілмеген шылым не сіріңке;

– аңшылықтың салдары. Олар атқан оқтан бықсып шөп жанып тұтанады;

– механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника қауіпсіздігін бұзады, көліктің жанында шылым шегеді;

– орман ішінде болған демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағады;

– орман қоры жерлеріне жақын жерлердегі егістің орнын өртейді;

– күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып құрғақ шөптерді тұтандырады;

Орман-тоғайларда өрт орын алса оңайлықпен сөнбейді, айналасындағы бірнеше метр жерге дейінгі өсімдік ағаштарын, аң-құстардың ұяларын жояды. Сонымен қатар бау-бақша егу мақсатында егістік жерлерді дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі шараларына онша мән бермей, шөп-шаланды бейберекет жағудың арты орман-тоғай өртіне айналып кетуі мүмкін.

Өрт – тілсіз жау. Ол қашанда қауіпті. Ормандарда өрт жағдайларын болдырмас үшін қауіпсіздік шараларын сақтауды ұмытпайық.

Д. ОРДАБАЕВ,
Қаратал орман шаруашылығының орман шебері.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ЗАЩИЩЕНЫ ПРАВА СУБЪЕКТОВ БИЗНЕСА

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, РЕГИОНАЛЬНАЯ ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ «АТАМЕКЕН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ ПОМОГЛА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ ОТМЕНИТЬ ВЫПИСАННЫЕ ПОЛИЦИЕЙ ПРОТОКОЛЫ ОБ АДМИНИСТРАТИВНЫХ НАРУШЕНИЯХ И ПРИЗНАТЬ РЕЙДЫ ПО ЛЕТНИМ ТЕРРАСАМ И ПЛОЩАДКАМ НЕЗАКОННЫМИ.

Летний сезон открывает период полицейских рейдов по объектам общепита. По итогам таких посещений террас, площадок под открытым небом и прибрежных зон, в РПП Алматы начали поступать от предпринимателей, занятых в сфере общественного питания, обращения и жалобы по поводу проверок. К примеру, только по Алмалинскому району города в сезон работают почти 300 летников.

Общепитовцы пожаловались в палату на действия сотрудников правоохранительных органов. На предпринимателей были оформлены протоколы об административных правонарушениях согласно ст. 505 Кодекса «Об административных правонарушениях».

«Акиматом Алмалинского района совместно с Управлением местной полицейской службы Департамента полиции города Алматы были осуществлены незаконные рейды по пресечению деятельности летних площадок с привлечением предпринимателей к административной ответственности», – сообщил начальник отдела по снижению административных барьеров Палаты предпринимателей г. Алматы Нурбол Ашербеков.

По словам эксперта, занятых в организации и обслуживании летних площадок – тысячи. Пополняя городской бюджет, кафе и рестораны, хотя бы на летнее время, решают еще и социальный вопрос, – проблему занятости молодежи. Нормативно-правовой акт, регулирующий порядок их деятельности, находится на согласовании в Департаменте юстиции. Документ разработан подразделениями городского акимата, в том числе Управлением предпринимательства и инвестиций, а также, согласован с региональной палатой предпринимателей.

Рассмотрев жалобы предпринимателей, Палатой было инициировано письмо в адрес прокуратуры Алмалинского района о незаконности действий полиции, по результатам которого прокуратурой был внесен протест об отмене протоколов об административных правонарушениях.

«Таким образом, в результате совместной работы с прокуратурой защищены права субъектов бизнеса на сумму 349 800 тенге», – отметил Нурбол Ашербеков.

Палата рекомендует субъектам бизнеса, в случае нарушения законных прав, обратиться в отдел по снижению административных барьеров Региональной палаты «Атамекен» по г. Алматы.

НАШ. КОРР.

ЗАКОН

СТОРОНЫ В ГРАЖДАНСКОМ ПРОЦЕССЕ

Сторонами в гражданском процессе называются лица, от имени которых ведется процесс, и материально правовой спор которых должен разрешить суд. В качестве сторон могут выступать иностранные граждане ,фирмы и лица без гражданства.В каждом деле гражданского производство всегда 2 стороны.

Истец – это лицо субъективные материальные права или охраняемые законом, интересы которого нарушены или оспаривается и в силу этого нуждаются в защите

Ответчик – это лицо, которое привлекается к ответственности в связи заявлением истца о том что нарушены субъективные права или охраняемые законом интересы и является пассивной стороной в гражданском процессе.

Спорное материальное правоотношение - объект процесса по конкретному гражданскому делу, а его субъекты являются сторонами.

Каждый вправе в порядке установленными Гражданско-процессуальным кодексом обратиться в суд за защитой нарушенных или оспариваемых прав, свобод или законных интересов. Способность иметь гражданские процессуальные права и обязанности признается в равной мере за всеми гражданами и юридическими лицами, являющимися субъектами материального права. способность своими действиями самостоятельно осуществлять свои права и исполнять обязанности в суде принадлежит в полном объеме гражданам, достигшим материального права. Лицами участвующими в деле признаются стороны, третьи лица, прокурор, государственный органы, органы местного самоуправления, юридические лица итд.

Лица участвующие в процессе имеют права знакомиться с материалами дела, делать выписки из них и снимать копии, заявлять отводы, представлять доказательство и участвовать в их исследовании лица участвующие в деле обязаны заявлять суду о действительных обстоятельствах дела и полностью правдиво, высказываться или представлять суду письменные документы, опровергающие факты, утверждаемые другой стороной. Стороны не могут запрашивать друг у друга документы , содержащие государственные секреты или иную охраняемую законом тайну. Стороной в гражданском процессе может быть государство, они т.е они стороны обладают равными правами несут равные процессуальные обязанности.

Айнур СЕИЛЬХАНОВА,
главный специалист Талдыкорганского городского суда.

МОШЕННИЧЕСТВО

«ПОМОГИТЕ ОБНАЛИЧИТЬ КРИПТОВАЛЮТУ»

«Помогите обналичить криптовалюту» – о новых уловках мошенников рассказали в Шымкенте. С начала года в Шымкенте зарегистрировано до 500 фактов интернет-мошенничества, в основном под видом «абсолютно безвредных» предложений по «обналичиванию криптовалюты». Об этом, как передаёт BaigeNews.kz, сообщили в городской полиции.

По информации полицейских, в последнее время в Шымкенте увеличилось количество мошенников, которые распространяют различные объявления через интернет и предлагают легкую работу. Они обещают людям деньги, отправляя ненадежные ссылки. Предлагают услуги по быстрому умножению финансов, обещают машину или квартиру через инвестиции в некие крупные компании.

Интернет-мошенники каждый день придумывают новый способ лёгкого заработка. Сейчас они предлагают продать или дать в аренду карточки банков второго уровня. Такое предложение они объясняют тем, что «им нужно обналичить криптовалюту, и никакого вреда за это владельцу карты не будет». Но, впоследствии играючи завладевают вашими персональными данными.

Всего с начала года в городе зарегистрировано 488 фактов интернет-мошенничества. Благодаря результативной работе полицейских раскрыто и направлено в суд 183 дела. Этот показатель увеличился на 7,1 процента по сравнению с прошлым годом. Общий ущерб, причиненный потерпевшим, составляет более 162 миллионов тенге. Это говорит о том, что у каждого пользователя социальных сетей высока вероятность попасть в ловушку мошенника.

Полиция Шымкента напоминает, что сотрудники банков и правоохранительных органов не будут звонить вам и запрашивать ваши личные данные. Всё это уловки мошенников. В случае, если вы стали свидетелем или жертвой подобного преступления, немедленно сообщите об этом каналу «102».

Кстати, BaigeNews.kz уже неоднократно писало о том, что казахстанцы всё чаще становятся жертвами мошенников. Людей обманывают в интернете, в социальных сетях, по телефону. Например, в статье «*Меня чуть не обманули телефонные мошенники» – как не попасть на крючок «дропперам»* – рассказываются очень подробно о приёмах современного мошенничества с помощью интернета.

ФИНАНСОВАЯ ПИРАМИДА

УТВЕРДИЛ УЖЕСТОЧЕНИЕ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев утвердил ужесточение уголовной ответственности за рекламу финансовых пирамид, сообщает пресс-служба Акорды.

«Главой государства подписан закон Республики Казахстан «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия деятельности финансовых (инвестиционных) пирамид», – говорится в сообщении.

Основной целью законопроекта является усовершенствование механизмов защиты прав граждан посредством ужесточения ответственности за создание финансовых (инвестиционных) пирамид, а также введение уголовной ответственности за их рекламу.

ГЕНДЕР

ЗА ДЕМОКРАТИЗАЦИЮ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ

За годы независимости Казахстан также достиг определенного прогресса в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин. Одним из направлении стратегии является достижение гендерного равенства в экономической сфере, дальнейшее развитие предпринимательства среди женщин, повышение конкурентоспособности женщин на рынке труда.

Благодаря внутренней стабильности, реализации стратегии индустриально-инновационного развития, государственных программ возрождения села, развития малого бизнеса и снижения бедности в Казахстане создаются большие возможности для сокращения безработицы и обеспечения занятости мужчин и женщин. Создана реально работающая рыночная экономика.

В целом следует отметить, что одним из важных направлений современной политики по обеспечению гендерного равенства является демократизация политической системы. Социально-экономическое трансформация нашего общества требует от государства формирования политике, в большей степени учитывающей вектор изменений в международной политике гендерного равенства.

Основные принципы гендерной политики в нашей стране устанавливают равные права мужчин и женщин, что гаранитировано Конституцией РК. Задачи гендерной политики достижение сбалансированного участия мужчин и женщин во властных структурах, обеспечение равных возможностях для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижение по службе, создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье. Однако законодательного оформления принципы равных возможностей для обоих полов недостаточно, что бы преодолеть исторически сложившиеся стереотипы о женском участие в политике, которые укрепились в гражданских институтах общества и положение современных женщин противоречиво, что проявляется в ее социальной экономической и политической активности, а так же в дальнейшем развитие институтах семьи.

В Казахстане женщины, можно сказать составляют больше половины населения, их положение, роль и статус имеют важное значение в обществе, поэтому вопросы гендерного равенства отнесены к числу важных социальных проблем не только в Казахстане, но и во всем мире. Согласно мировому опыту женщины вносят особый вклад в общественную жизнь.

Так же приоритетной задачей должно быть широкое гендерное просвещение политической элиты по вопросам участия женщин в политических процессах, осмысление и постановка гендерных проблем, а так же разработка методов решения этих проблем по мировому опыту.

Поэтому для нашего государства огромное значение имеют вопросы теоретического обоснования и развития национального механизма, исследования институциональное развитие, политическая практика и анализ достижения гендерного равноправия.

Ертис ОМАРОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«KONAEV – OPEN»

ЖАҒАЖАЙ СПОРТ АЛАҢЫНДАҒЫ ТУРНИР

Қонаев қаласындағы Жағажай спорт алаңында жағажай футболынан, волейболынан, стритболынан «KONAEV - OPEN» тақырыбында облыстық турнир өтті.

Жарысқа облыс аумағынан 200 спортшы қатысты. Жасөспірімдер арасындағы стритболдан бірінші орынды Еңбекшіқазақ ауданы алса, екінші орын Талғар ауданына, жүлделі үшінші орын Қонаев қаласынан келген спортшыларға тиесілі болды.

Жағажай волейболы ерлер арасындағы жарыста Іле ауданы, Ұйғыр ауданы, Қарасай ауданы жеңімпаз атанды.Дәл осы спорт түрімен әйелдер арасында Талғар ауданынан келген спортшылар жеңіс тұғырынан көрінді.

Ерлер арасындағы Жағажай футболы бойынша Қонаев қаласы мен Іле ауданының спортшылары жүлдеге ие болды. Жарыс жеңімпаздарына медаль, тиісті дәрежелі диплом, кубок және ақшалай сыйлықтар табысталды.

ВОЛЕЙБОЛ

ЕСІК ҚАЛАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН АЛМАТЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЗҒЫ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ.

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Ерлер арасында өткен жарысқа 15 командадан 180 спортшы қатысты. Жарыс қортындысы бойынша бірінші орынды Панфилов ауданы алса, екінші орын Алакөл ауданына тиселі болды. Жүлделі үшінші орын Еңбекшіқазақ ауданына бұйырды.

ЖҮЗУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ

Қонаев қаласында ашық суда жүзуден Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Жарыста 10 команда, 150-ге жуық спортшы бақ сынады. Бес күнге созылған ашық чемпионатта спортшылар бес кезең бойынша сынға түсті. Бірінші күні 10 мың метрге жүзу, екінші күні теңіз милі эстафетасы, үшінші күні 3000 метр қашықтыққа жүзу, төртінші күні 4 1250 метрден жүзу эстафетасы, бесінші күні 500 метр қашықтықты жүзіп өту. Айтулы шараға Талдықорған орталық бассейнінен 25 спортшы қатысып, қыздар командасынан Аруна Сламғазы, ұлдар командасынан Никита Федотов әлем чемпионатының іріктеуіне өтті.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ФУТБОЛ

ЖАҢА КАПИТАН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

СЕЙСЕНБІ КҮНІ ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНЫҢ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛГЕН ЕКІ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ. КӨПШІЛІК ТҮРКІСТАНДАҒЫ «ТҰРАН» МЕН «АҚТӨБЕ» АРАСЫНДАҒЫ ОЙЫНҒА БАСА НАЗАР АУДАРДЫ.

Бұл ойында қонақтардың мерейі үстем болды. 34 минутта француздық легионер Уго Видемон есеп ашса, 78 минутта Сердер Сердеров екінші голды соқты. Есеп – 2:0. Қарағандыда «Шахтер» «Ақсуды» қабылдады. 9 минутта Тоқтар Жаңғылышбай мергендік танытса, 23 минутта Эдин Рустемович «қызыл қағаз» алды. Соған қарамастан үзіліске дейін қарағандылықтар тағы екі рет доп-ты торда тулатты. Оның авторлары – Роман Мұртазаев пен Иван Граф. Екінші кезеңде «Ақсудың» ойыншылары Асланбек Кәкімов пен Еркебұлан Тұңғышбаев есеп айырмашылығын қысқартты. Десек те 90 минутта Рохер Каньяс 11 метрлік нүктеден қақпаны дәл көздеп, кездесудің соңғы нүктесін қойды. Есеп – 4:2.

Түркістандағы жеңісінен кейін «Ақтөбе» жарыс кестесінде жеке-дара көш бастады. Олардың қоржынында 29 ұпай бар. Екінші орынға сырғып түскен «Астананың» басты қарсыласынан екі ұпайы кем. Үшінші орында – «Ордабасы». Шымкенттің командасы 26 ұпайды еншілеуде.

Egemen.kz

ОЛИМПИАДА

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ ДӘУРЕН АБАЕВ 2024 ЖЫЛЫ ПАРИЖДЕ ӨТЕТІН ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ. ІС-ШАРАҒА ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІ, СПОРТ ФЕДЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ, ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР ҚАТЫСТЫ.

«Олимпиада нәтижесі – кәсіби дайындығымыздың көрсеткіші болмақ. Оған федерация басшылары, жаттықтырушылар, бапкерлер, тиісті сала мамандары және мен – барлығымыз жеке-жеке жауаптымыз», - деді Дәурен Абаев.

Министр спортшыларды даярлау жүйесінде түйіткілді мәселелер бар екенін айтты және оларды шешу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Мәселен, Үкімет тарапынан спорттық инфрақұрылымды дамытудың жоспар-кестесі әзірленді. Биыл Алматы, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында 10 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарланған.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев еліміздегі 25 жеңіл атлетикалық манеждің тек бірнешеуі ғана жалпы талаптарға сай екенін айтты. Ал 367 жүзу бассейнінің тек екеуінде халықаралық талаптарды ескере отырып жарыстарды өткізуге болады.

Министр Ұлттық құрама командалар мүшелерін даярлауды қамтамасыз ету мәселелеріне де тоқталды. Шілде айынан бастап республикалық спорт колледжі базасында күрес түрлері бойынша жаттығу орталығының жұмысы пилоттық режимде іске қосылса, К. Ахметов атындағы республикалық олимпиадалық резерв мектеп-интернат-колледжі базасында Дзюдо академиясы ашылды.

Тағы бір жаңалық – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2024 жылға дейін спорт төрешілерінің жұмысына ақы төлеу кезең-кезеңімен 100%-ға артады. Спорт саласында төрешілерге ақы жарыстың әр күні үшін төленеді. Биыл ақы көлемі 2600 теңгеден 8000 теңгеге дейін, ал 2023 жылы – 13 мың теңгеге дейін, 2024 жылы – 17 мың теңгеге дейін көбейетін болады.

Бұдан басқа 2022 жылғы 1 шілдеден бастап Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада чемпиондары мен жүлдегерлері және олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпиондарын дайындаған жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамтамасыз ету мөлшері 24 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Яғни, олар енді ай сайын орташа есеппен 73 мың теңге емес, 318 мың теңге алып отыратын болады.

Сондай-ақ министр Дәурен Абаев кадрлық қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударды.

«Бүгінде елімізде 13 700 жаттықтырушы жұмыс істейді. Олардың тек 4% ғана жыл сайын біліктілікті арттыру курстарынан өтіп жүр. Кейбір федерациялар тіпті жаттықтырушыларды аттестаттау бойынша жұмыс жүргізбейді. Сондықтан федерациялар осы бағыттағы жұмысты жандандыруы қажет»,- деді министр.

Айта кету керек, Олимпиадада спортшыларымыз сәтсіз өнер көрсеткеннен кейін биыл 28 жаттықтырушы қызметінен босатылды.

Министрдің айтуынша қазіргі уақытта жаттықтырушы-оқытушылардың айлығын көтеру және апталық сағаттық жүктемесін 18 сағатқа дейін төмендету бағытында жұмыс жүргізіліп жатыр.

Отандық спорттың ғылыми-медициналық базасын нығайту тұрғысында Дәурен Абаев республикалық талдау орталығының мәртебесін күшейту, оның ішінде қызметкерлердің еңбекақысын арттыру бойынша жұмыс басталғанын да айты.

«Бұл орталық мүдделі органдармен бірлесіп, спортшылардың физиологиялық жай-күйін, медициналық тұрғыда жан-жақты қамтамасыз етілуін, жарақаттану деңгейін және т.б. ескере отырып, олардың ойын нәтижелерін талдау негізінде жоғары жетістіктер спортын дамытумен айналысатын болады», - деп атап өтті министр.

Сондай-ақ спорт дәрігерлерінің еңбекақысын арттыру, арнайы мамандарды шақыру, заманауи жабдықтарды сатып алу, спортшыларды тамақтандыру нормаларын бекіту, фармакологиялық қамтамасыз ету тізбесін жаңарту мәселесі талқыланды.

Кеңес қорытындысы бойынша Дәурен Абаев федерацияларға олимпиадалық циклге арналған кешенді-мақсатты бағдарламаны және дене шынықтыру-спорт ұйымдарына спорт түрлері бойынша даярлық бағдарламасын әзірлеп, бекітуді тапсырды.

Egemen.kz

Бетті дайындаған А. БЕКМОЛДИНА.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

БАУЫРҒА КҮТІМ КЕРЕК

Бауыр бүкіл ағзаға қанды сүзіп өткізіп тұратын үлкен зертхана десе де болады. Оған күтім қажет. Ащы, майлы, қуырған тағамдарды мөлшерден асырмай қабылдау бауырдың кінәратсыз жұмыс істеуіне септігін тигізеді.

Ертеде египеттіктер аскөкті (укроп) көптеген ауруларға дәрі ретінде қолданған. Бауырдың түйіліп ауыруынан мазасы кеткен жанға дәрілік өсімдіктермен емделсем деген үмітпен көмектесуімді өтінді. Оған аулада өсіп тұрған аскөктің гүлдеуінен бастап белгілі мөлшерін қайнатып қойып, сусын ретінде іше беруін тапсырдым. Таңертең 600 г суға бір уысын қайнатып қойып, әр жолы 200 грамнан күніне үш реттен іше береді. Келесі күні жаңадан әзірлейді. Осы әдісті үздіксіз екі ай бойы жалғастырғанда бауырдың бұрынғы ауруы жым-жылас жоғалды. Алғашында арнайы аппарат тексергенде бауырдың үлкейіп ісініп тұрғанын айтса, екі айдан соң оның өз қалпына келгені белгілі болды.

Бауырдың түрлі қабынуларына аршылған сұлы дәнінен 250 г алып, бір литр суға жартысы қалғанша қайнатады. Кейін үстіне жарты литр сүт қосып тағы да 20 минут ақырын қайнатады. Дәрі дайын. Астан 30 минут бұрын күніне үш рет қабылдайды.

Әртүрлі тау шөбінен жиналған балдың бір ас қасығын бір құты қайнап тұрған суға езіп, үстіне грек жаңғағы ұнынан жарты килограмм салып араластырады. Ас алдында бір ас қасықтан күніне үш рет екі апта бойы қабылдайды. Арада бір апта өткізіп, емді әрі қарай жалғастыруға болады.

Бауыр қатып ауырған кезде түймешек кәріқыздан бір ас қасықты бір құты қайнап тұрған суға 2 сағат бұқтырады. Осыны үшке бөліп ас алдында күнде қабылдайды. Мұны ай бойы қабылдап, апта демалып қайта жалғастыруға болады.

Қатқан бауырға кеспе жапырақ талдың қабығын да қайнатып ішуге болады.

Ошаған тамырынан, шайқурай гүлі, түймешетен гүлі, мыңжапырақ, түймедақ гүлі, итмұрын дәні, қыр жалбызы, қарандыз тамыры, таспа жоңышқа, итшоған барлығын тең мөлшерде қосып, тамырларды жеке ұнтақтап көбірек қайнатады, үстіне шөптерді қосып тағы да 2 минут қайнатып, 40 минут бұқтырады (300 г су). Осыны 100 грамнан күніне үш рет ішеді. Емдеу мерзімі 1 ай.

Үйеңкі дәнінен көктей жинап, көлеңкеде кептіріп, ұнтақтап алады да бауыр ауырған кезде қайнатып ішеді. Әрине, бұл дәрілік дән машина көп жүретін жерден алынбауы керек.

Бауыр, ұйқы безін, ішектерді тазалау үшін бір құты қарақұмықты жақсылап жуып, жарты литр айранға араластырып, бір тәулік жабық ыдыста ұстайды.

Таңертең аш қарынға сүзіп, жартысын жейді, қалған жартысын кешкі ұйқы алдында жейді. Бұл әдісті 10 күн жалғастырып, келесі 10 күн бойы 20-25 дана құрманы жарты литр суға аузы жабық ыдыста 30 минут ақырын қайнатады. Жатарда осы суды түгел ішеді. Таңғы зәрдің түрі өзгереді. Сол құрманы екінші рет бұрынғыға 10 минут қосып тағы қайнатуға болады. Осы орайда күн сайын 5-6-дан өрік дәнін жейді. Бұл бауыр мен ұйқы безіне өте пайдалы.

Бауыр қабынып ауырғанда гүл ашып тұрған күнбағыс табақшасының шетіндегі гүл жапырақшасынан шамалап шайнап жұтып қояды. Оны түрлі сұйықтықпен араластырудың қажеті жоқ. Арада бес күн өткенде тағы қайталайды. Осылайша үш дана табақшаның гүлін жеу арқылы бауыр жұмысын жақсартып, асқазанды да оңалтасыз.

Кәсіби халық емшісі Сейітқамза Қалиевтің емшілік кеңесінен.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

ДРОН ЖАЙЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТ

Өздігінен ұшатын аппараттар (Дрон) дүние жүзіне көз ілеспес жылдамдықпен таралып және күннен күнге технологиялық жағынан күрделеніп келеді. Бұл бейнеге түсіретін технология жайлы барлық ақпаратты білесіз бе? Тексеріп көрейік...

Бастапқыда өзгінен ұшатын аппараттар – коммерциялық емес, әскери мақсатпен жасалған. Олар әскери операцияларда қолданылуы тиіс болған. Қазір жоспар табысты орындалды. Бүгінде мұндай кейбіртехнологиялар жау тылында көзге түспей барлау жасайды, қарсыластың нысандарына дәл тиетін соққы береді.

Жапонияның Secom ұйымы сағатына 10 шақырым жылдамдықпен ұшатын және автокөлік тұрағында қарауыл қызметін атқара алатын ұшу аппаратын жасап шығарды. Шағын тікұшақ тәртіп бұзушыларды суретке түсіріп, тұрақтағы көлік номерін тіркеп ала алады. Бір ғана құрал – орнатылу керек он камераның орнына жұмыс істеп, тәртіпті қамтамасыз етіп тұр. Мұндай затты алуға әрине, барлық компаниялардың қалтасы көтере бермейді. Оны 6620 долларға сатып алып, ай сайын сервиске 41 доллар төлеп отыру керек. Алайда бәсекелестік артқан кезде қалай боларын кім білсін?!

«DHL» почта компаниясы бірінші дронды 2013 жылы сынақтан өткізген. Оның мақсаты – адам аяғы жете бермейтін жерлерге почта жеткізу болатын. Ал 2014 жылдан бастап ондай дрондар су өткізбейтін контейнерлерге салынған почта тасуға жаппай кірісті. Google және Amazon сынды танымал компаниялар сондай жабдықты сатып алатыны туралы мәлімдеп үлгерді.

Жапония және АҚШ фермерлері ұшатын аппараттарды алқаптардың үстінен пестицидтер мен тыңайтқыштар себу үшін қолданып жүр. Ол қол еңбегіне қарағанда арзанырақ түседі, ал тиімділігі бірнеше есе артық. Бәлкім, жақын арада фермерлер өздерінің орнына бар жұмысты машиналар істеп жатқанына қарап қана отыратын шығар.

Сыктывкар қаласында клиенттерге пиццаны ұшып апаратын машиналар сынақтан сәтті өтті. Әлемдік «Dodo Pizza» компаниясы осылайша клиент тартуды көздепті және бұл ретте біршама табысқа жетті. Пиццаны апаратын орнына жеткізу үшін радиобөгеттері ең аз бағытты таңдау керек. Сіз алаңда немесе өз пәтеріңізде отырып пиццаға интернет арқылы тапсырыс бересіз, алайда, бәрібір сыртқа шығыңызға керек болады, өйткені дрон терезеңізге ұшып келмейді.

Делфт университеті студенттерінің бірі салмағы бар-жоғы 4 кг, сағатына 100 шақырым жылдамдықпен ұша алатын ғажайып машина құрастырып шығарыпты. Оның басты мақсаты – көшедегі кептелістер салдарынын медициналық көмек уақытында жетпегені себепті кісі өлімі көп болатын ірі қалалардағы жүрек тамасы ұстаған адамдардың өмірін құтқару. Ал дрон санаулы секундтар ішінде қажет жерге пайдалану жөніндегі нұсқаулық қыстырылған дефибриллятор алып ұшып келе алады. Қиналған адам, не оның жақындары құрылғының операторына хабарласып, шақыру қалдырады. Сөйтіп оның мекен жайына құтқарушы дрон жіберіледі.

Сонымен өздігімен ұшатын аппараттар тек жұртшылықтың көңілін көтеру үшін ғана емес, адамдарға көмек көрсету үшін де керек екен. Технологиялар дамуы геометриялық прогрессиямен өсіп келеді, соның арқасында дрондардың жаңа үлгілері жасалуда.

bilim-all. kz

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ

ӨЗІҢІЗ ЖАЙЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Жаз келіп, су жағасында демалатын уақыт та келіп жетті. Көзіңізді жұмып, теңіздің жағасында жалаң аяқ жүгіріп жүргеніңізді елестетіңізші. Аяқ астынан бақалшы (ракушка) тауып алдыңыз делік. Оның қандай болғанын қалар едіңіз. Суреттен бір нұсқасын таңдаңыз, таңдауыңыз сіздің қандай екеніңізді айтады.

1. Сіз әуесқой жанкешті адамсыз. Ессіз, батыл жансыз. Кез келген өзгерісті тез қабылдайсыз, өзіңіз де аяқ асты шешім шығарасыз. Үнемі жаңа әсерге бөленуді тілейсіз. Бірақ демалысты да ұмытпаңыз.

2. Сіз адамдармен тіл табысқыш жансыз. Көпшіліктің ортасында болуды қалайсыз. Достарыңыз бен әріптестеріңіздің арасында көп уақыт өткізесіз. Көңіл көтеруден ләззат аласыз.

3. Көп сөйлегенді ұнатасыз. Достарыңыз да қалжыңдап бұл сіздің ерекше қабілетіңіз екенін айтады. Жақсы жаңалық пен күтпеген шақыруды жиі аласыз.

4. Ұсақ-түйекке көп бас қатырасыз. Тіпті түкке тұрмайтын нәрселерге көңіл аударып, быж-тыж болып сынап-мінеп отырасыз. Әлемге көзқарасыңызды өзгертіп, жақсы жақтарын көре біліңіз. Айналаңыздағылар да бұл өзгерісті байқайды.

5. Мәселелерді оңай шешесіз. Достарыңыз да басына іс түссе, дереу сізге келеді, оларға үнемі түсіністік танытып, қолдау көрсетіп, кеңес бересіз. Тапқыр да епті жансыз. Кез келгеннің қайғысына ортақтасасыз, өте мейірімдісіз.

6. Сіз үнемі көпшілік назарында жүресіз. Өзгелерді де арынды қуатыңызбен жандырып, жандандырып әкетесіз, сол үшін де адамдар сізге үйірсек. Сезімтал да қайырымды адамсыз. Өмірді шексіз сүйесіз.

7. Үйдің берекесі сіз үшін бәрінен қымбат. Көп уақытыңызды отбасымен өткізуді қалайсыз. Көркемөнерге қызығушылығыңыз бар, өлең не қара сөз жазасыз. Шығармашылыққа аса жақынсыз. Бірақ өзіңізді отбасына арнайсыз.

8. Тосын сыйлар жасауды жақсы көресіз, өзіңіз де күтпеген сыйлықтарға балаша шаттанасыз. Алайда тағдыр сыйын да бағалау қажет, сол себепті ақылды да пайдаланыңыз.

9. Сіздің тіліңіз ащы әрі ақылыңыз да асқақ. Көздеген мақсатқа жетпей қоймайсыз. Серігіңіз сәттілік. Тек жақсы жаңалықтар күтіңіз.

10. Сіз өте мейірбан жансыз. Бірақ өзіңізге зиян келер тұста басқаларға «жоқ» деп те айта білесіз. Шешім қабылдарда соңын жақсылап ойланыңыз.

11. Әрдайым жүзіңізден түсіністік іздеген жандар айналаңызда толып жүреді. Бірақ сіз өз өміріңізге көбірек көңіл бөлуіңіз керек. Барлығын алға қадам басуға жоспарлап, мақсатқа жету жолында бір тынбаңыз.

12. Еңбекке бас иген халық! Өз жұмысыңызды жақсы білесіз, мансаптық сатыда да оңай көтерілесіз. Мақсатыңызға оңай жетесіз, идеяңызды жүзеге асыруға көп күш жұмсайсыз. Бір сәт демалып тұрған да дұрыс.

СӨЗ ЖОҚ

Орталық Алаң



Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айнұр БЕКМОЛДИНА – тілші

Кезекші редактор: А. БЕКМОЛДИНА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 698
Индекс 15534